



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЛЫҚ ӨНДІРІСІ ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ



Балық шауашылығын дамытудың жан-жақты пайдасы зор. Бұл саланың алға жылжуы, әсіресе, халықтың денсаулық өлшемдерін арттыруға тиімді ықпал етеді. Сондықтан әлемдегі дамыған елдер балық өндірісіне айрықша басымдық беріп отыр. Балықтың және басқа теңіз өнімдерінің маңыздылығы олардың құрамындағы жануарлар нәруызы (белок) мөлшерінің мал мен құс етінен кем түспейтіндігіне байланысты. Сондықтан қазіргі таңда дүниежүзілік су айдындарында 20-30 мыңға дейінгі ірілі-ұсақты балық және басқа да теңіз өнімдерін аулайтын кемелер жүзіп жүр. Олардың дені озық технологиямен балық аулаудан бастап, дайын өнімдер шығарумен айналысады.

(Соңы 3-бетте)

АЙМАҚ

СУ ТҰШЫТУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ АУЫЗ СУ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЯДЫ

Климаттық және ландшафтық ерекшеліктеріне байланысты Маңғыстау облысы үшін өзекті мәселе – соңғы жылдары жақсы қарқынмен дамып жатқан өндірістік мекемелер мен халықты сумен қамтамасыз ету болып табылады.

Облыста ауыз судың тапшылығы, әсіресе, жаз айларында қатты сезіледі. Қажеттілік тәулігіне 51 мың м³ құрап отыр. Аймақтың даму деңгейін ескере отырып, 2025 жылға қарай суға деген қажеттілік тәулігіне 250-260 мың м³, ал тапшылық – 100-110 мың текше метрді құрайды деп болжануда.

Мемлекет басшысы Маңғыстауға жұмыс сапары барысында 2025 жылға қарай суға деген қажеттілік өсетінін атап өткен еді. Осыған байланысты Ақтау қаласын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Үкіметі мен облыс әкімдігіне шұғыл түрде «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» кешенін жаңғырту жөніндегі жедел іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды.

«Мен Кендірлі ауылында су тұшыту зауытын салуды тапсырдым. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп зауытты 2024 жылдың соңына дейін іске қосуы тиіс. Ауылдық жерлерде сапалы ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселесі әлі де шешілген жоқ. Облыста 12 ауыл, яғни ауылдық елді мекендердің 20%-ы ауыз сумен қамтамасыз

етілмеген. Биыл тек 4 ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету жоспарлануда. Бұл өте төмен қарқын. Өңір әкімдігіне келесі жылдың соңына дейін барлық 12 ауылды ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырамын», – деді Президент.

«Каспий» су тұшыту қондырғысының қуаты артты

2019 жылы облыс әкімдігі Мұнайлы ауданының елді мекендерінде және Қаракия ауданының Құрық ауылында су тапшылығы проблемасын шешу бойынша жұмысты бастады.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 2019–2022 жылдары Ақтаудағы «Каспий» зауытының су тұшыту қондырғысының қуатын тәулігіне 40 мың м³ дейін ұлғайтуға 12,1 млрд теңге бөлінген. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде, аяқталуы – 2022 жылдың соңы. Аталған нысанның

құрылысы бітсе, 220 мыңға жуық тұрғын ауыз сумен қамтылады. Мұнайлы ауданы мен Түпқараған ауданының Ақшұқыр және Сайын Шапағатов ауылдарының, Қаракия ауданының Құрық ауылы, Аграрлық аумақ және «Жылы жағажай» курорттық аймағы 100% сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

Ақтаудың жаңа шағын аудандары ауыз сумен қамтылады

Мұнайлы ауданы халқының жыл сайынғы өсімін және Ақтау қаласының солтүстік бағытының белсенді дамуын ескере отырып (жаңа 7 шағын ауданда шамамен 100 мың адам тұратын болады) қуаттылығы тәулігіне 60 мың м³ болатын «Каспий» су тұшыту зауытының III кезегін салуға дайындық басталды. Жобалаушы – «ҚазНұр» жобалау-құрылыс институты 2022 жылдың желтоқсанында сараптамаға техникалық-экономикалық негіздеме ұсынуды жоспарлап отыр. Жобаның болжамды құны – 25 млрд теңге. Жобаны іске асыру мерзімі 2022–2025 жылдар.

(Соңы 3-бетте)

«ПРОКУРАТУРА ТУРАЛЫ»
ЗАҢ КӨПШІЛІКKE ЖОЛ
ТАРТТЫ

2-бет



ТАРИХИ ӘДІЛДІКТІ
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ
ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

5-бет



ТЫЛСЫМ ТҮННІҢ
ҚҰПИЯСЫ

8-бет

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Аман КУНИКЕЕВ,
Алматы облыстық өңірлік
комиссиясы №2 жұмыс тобының
жетекшісі:

«РСФСР ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ 61-БАБЫМЕН СОТТАЛҒАН ШАРУАЛАРДЫ ДА АҚТАУ КЕРЕК»

– Аман Дәулетұлы, әңгімеізді өзіңіз жетекшілік ететін жұмыс тобының негізгі қызметінен бастасақ.

– Біздің жұмыс тобының толық атауы – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Алматы облыстық өңірлік комиссиясының №2 жұмыс тобы. Ол шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыруға және қазақ отбасыларын отырықшыландыруға ұшыраған кулактардың, байлардың, жартылай феодалдардың (орта шаруалардың) және шаруа қожалықтарының тәркіленген шаруашылықтары бойынша қозғалған қылмыстық істерді, әкімшілік материалдарды зерделеумен айналысады.

(Соңы 5-бетте)

«Адамдардың заңы: жақсылық құру және дау-дамайдан аулақ болу» деген екен ежелгі қытай ойшылы Лао-цзы. Бұл қағида қазір де өзектілігін жойған жоқ. Адамзат үшін бейбіт өмір, сенімді болашақ, қауіпсіз қоғам құру қазіргі кезде де басты орында тұр. Ол үшін пәрменді заң, мықты жоспар құру аздық етеді. Зайырлы мемлекеттегі басты тұғыр – азаматтардың құқықтық сауатын көтеріп, дау-дамай мен ұрыс-көрістің, құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталуы тиіс.

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Құқықтық сауаты жоғары адамның сергелдеңге түспейтіні, өз мүддесін аяққа таптаптайтыны белгілі. Осыған орай, Қазақстанда құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты қолға алынған шаралар шеңбері ауқымды. Бұл қағида кемшіліктің салдарымен емес, себебімен күресудің нәтижелі болатынын баршаңызға ұқтырды. Әсіресе, бұл мәселенің қаншалықты маңызды екеніне сот барысында үнемі куә болып жүрміз.

Кез келген адам заң бұзып, жауапты болғысы келмейді. Алайда, «Бес саусақтың бірдей болмайтыны» сияқты сауатының кемдігінен, білімінің таяздығынан шалыс қадам жасайтындар арамызда баршылық. Солардың көбі айыпты орынтағына отырғанда «мен әрекетімнің заңға қайшы екенін білмедім» деп ақталып жатады. Ал заңды білмеу жазадан құтқармайды. Құқықтық мемлекетте әрбір азамат заңға бағынуы, теріс әрекеті үшін заңға сәйкес жауап беруі тиіс.

Әрине, қоғамдық тепе-теңдікті сақтап, заң үстемдігін қалпына келтіру үшін, құқықтық қайшылықты тудырмау мақсатында әрбір құқықбұзушылыққа заңды баға берілуі міндет. Дегенмен, біздің елімізде заң қабылдап, жаза тағайындауда ізгілік принциптері басшылыққа алынады. Бұл азаматтардың өз қателігінен оң қорытынды шығаруына, құқық бұзушылықты қайталап жасамауына серпін берері анық.

Қылмыс азайып, өмірін темір торда өткізетіндер қатары кемісін десек, құқықбұзушылықтың алдын алуға барынша терең мән беру керек. Оның тамыры отбасындағы тәлім-тәрбиеден бастау алады. Мұны кезінде Алаш арысы Әлихан Бөкейханов «ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп тура айтқан. Жанұясы татулықтың бесігі болып, мәдениет пен руханиятка ана әлдіінен бастап қанып өскен бала киыс қадам жасамайды. Әкесінің «тек» дегенін естіп ержеткен ұрпақтың да ұлағатты тәрбиенің үлгісін көрсетері талассыз. Сондықтан, әрбір отбасы ұл-қызын жамандықтан тыйып, жақсылыққа баулығаны абзал.

Баланың түзу жолды тандап, биікті армандауы айналасындағы достарына да байланысты. Сонымен бірге,

құқықбұзушылықтың алдын алуда мектеп, жоғары оқу орындарының да пәрмені зор. Себебі, мықты ұстаз шәкіртінің шетке шығуына, теріс жолға түсуіне ешқашан жол бермейді.

Осы ретте мектептегі құқықтану сабағына барынша ден қойып, оны өз деңгейінде өткізудің маңызы зор екенін айтпай кетуге болмайды. Құқықтану пәніне қосымша дәріс не артық жүктеме деп қарау қате. Бұл пән аясында балалар құқықтанудың алғашқы әліппесін толық меңгеруі керек. Сабатқа құзырлы орган өкілдерін шақырып тәжірибесімен бөлісуіне мүмкіндік берудің де пайдасы орасан. Ең бастысы, жастар заң бұзудың соңы жақсылыққа апармайтынын темір торға қамалғанда емес, оған дейін түсінгені абзал.

Әрине, құқықтық сауатты көтеру, заңсыздықтың алдын алу – өте күрделі де ұзақ процесс. Алуан түрлі себеп-салдары бар бұл құбылыспен күресудің жол, амалдары қоғамның өзара бірлігіне, кеселді жоюға деген ынта-ықыласына тәуелді. Бұл жерде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін, әлеуметтік желілердің пәрменін айтпай кету мүмкін емес. Ақпарат құралдары заңдарды таныстыру, құқықтық құжаттардағы өзгерістерді түсіндіру, қылмыстан сақтандыру бағытында кешенді шараларға мұрындық болып келеді. Әсіресе, ауылдық жердегі адамдардың құқықтық сауаты мен азаматтық белсенділігін арттыру керек. Өйткені, көптеген азаматтар білік тармақтарын ажырата алмайды, сот, прокуратура арқылы шешілетін мәселелерді атқарушы биліктің кеңселерін, түрлі деңгейдегі әкімшілікті жағалап, уақыт-күш ресурстарын текке зая кетіріп жатады. Мұндайда БАҚ-та жарияланған мақалалар азаматтарға жол көрсетіп, бағыт нұсқаудың бірден-бір көзі іспеттес.

Қоғамды қылмыстан ада етіп, құқықбұзушылықтың алдын алғымыз келсе, жоғарыдағы мәселелердің бәріне мән беру керек.

Кенжекүл ҚАЛАУОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ӘДЕП

Әдеп деген не? Әдеп – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтық атауы. Жалпы әдеп дегеніміз – ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени құндылық. «Әдеппен сөйлеп әдеттен» деп, сөйлеу мәдениетін талап етеді. Адам – ең әуелі адамгершілігімен, әдебімен көрікті.

АДАМ ӘДЕБІМЕН КӨРІКТІ

Әдептілік – өзінді әртүрлі жағдайда мінез-құлқының жалпы ережелеріне, эстетикалық, этикалық талаптарға сәйкес ұстай білу.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен тұрмыстағы жүріс-тұрысын реттейді. Мемлекеттік қызметші өзінің білігі мен білімінің арқасында елге қызмет етумен қатар, белгіленген әдептілік нормаларын сақтай отырып, тек қызмет барысында ғана емес, барша азаматқа үлгі болу арқылы мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға үлес қосуы керек.

Әдеп кодексінде этикалық нормаларды бұзуға әкелетін және жемқорлық құбылыстар туындататын жағдайлардың алдын алу бойынша шаралар қарастырылған. Жүйедегі өзгерістер сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастырып, мемлекеттік менеджменттің, халықтың алдындағы абырой-беделін көтеріп, оның сапалы моделін жасауға бағытталған.

Мемлекеттік қызметкерлердің әдептілік мәселесі өзекті. Өйткені, әдептілік мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Мұндай қағидаттардың жиынтығы мемлекеттік қызметшінің біртұтас бейнесін қалыптастырады. Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекет тарапынан берілген сенім. Бұл мемлекеттік қызметкерлердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талап қояды. Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметкерлер кәсібиліктің, әділдік пен адальдықтың эталоны болуға, қабылданатын іс-шаралардың әділдігі мен шешімдерді нақтылауы қажет. Адамның мәдениеті жоғары болған сайын, айналасындағылармен қарым-қатынасы сыпайы бола түсетіні айдан анық.

Гүлбаршын АЙТКУЛОВА,
Қаракия аудандық сотының бас маманы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

«ПРОКУРАТУРА ТУРАЛЫ» ЗАҢ КӨПШІЛІККЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

2022 жылғы 5 қарашада «Прокуратура туралы» ҚР Консти- туциялық заң қабылданды. Заңда қалыптасқан тәжірибені заңнамалық деңгейде бекітіп, нақтылау үшін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Конституциялық заңға сәйкес Бас Прокурордың төменде көрсетілген соттарға:

- Конституциялық сотқа Конституцияның 72-бабы 4-тармағына сәйкес (Конституция нормаларына ресми түсініктеме беру);
- Жоғарғы Сотқа азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша сот практикасы мәселе-лерімен соттарға түсініктеме беру туралы ұсыныс жасау үшін жүгіну құқығы бекітілді.

Прокуратура актілері бойынша енгізілген өзгерістерге тоқталар болсақ,олар төмендегідей:

Наразылықтар бойынша:

Прокурор наразылықты шешім дайындау және қабылдау қажеттігіне байланысты, бірақ кемінде үш жұмыс күні ішінде қарау мерзімін белгілеуге құқылы, бұл мерзім ескі редакцияда кемінде күнтізбелік он күн болып белгіленген.

Наразылықты қарау нәтижелері туралы прокурорға жазбаша нысанда дереу хабарланады. Наразылық қаралғанға дейін оны әкелген не жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін.

Қаулылар бойынша:

Прокурор келесі тармақтармен толықтырылған қаулы шығарады:

1. жедел-іздестіру іс-шараларын өткізу туралы;
2. жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін тоқтату туралы;
3. қылмыстық-атқару жүйесі органдары қамауда отырған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарға, сондай-ақ, пробация қызметтеріне есепке алынған адамдарға қатысты қолданы-тын тәртіптік жазалар мен ынталанды-рулардың күшін жою туралы;
4. лауазымды және өзге де тұлғаның актісін немесе әрекетін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұру туралы;
5. сот орындаушыларының заңсыз актілерінің күшін жою туралы;
6. прокурорлық қадағалау актісін мәжбүрлеп орындау туралы.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, әскери және көлік прокуратуралары ор-ганының басшылары, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар заңдылық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ адам мен аза-маттың құқықтары мен бостандықта-рын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға үндеу жасауға құқылы. Ал, ескі редакцияға сәйкес, бұл құқық тек Бас Прокурор мен оның орынбасарлары, облыс про-курорлары және оларға теңестірілген прокурорларда болды.

Прокурорлық «Заңды түсіндіру» ден қою актісі «Қазақстан Респуб-ликасының заңдарын бұзуға жол бер-меу туралы түсіндіруге» ауыстырыл-ды. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері енгізілгеннен кейін бұзушылық жасаған адамдарды жауап-қа тарту мерзімі Қазақстан Респуб-ликасының заңдарында айқындалатын тәртіппен осы акт бойынша шешім қа-былданғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Бұдан былай заңдылықтың сақта-луын тексеруді Қазақстан Респуб-ликасы Президентінің немесе Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша, сондай-ақ, 18-баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша прокурор тағайындайды және жүргізеді.

Яғни, Бас Прокурор орынбасарла-рының, әскери және көлік прокурату-ралары басшыларының, облыс проку-рорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың), аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлардың заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау және жүргізу туралы шешімі бойынша төмендегі тұлғалар-дың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері қорғалады:

- 1) физиологиялық ерекшеліктері-не, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты оларды қорғауды дербес жүзеге асыра алмайтын адамдар;
- 2) санына шектеу қойылмаған адамдар тобына;
- 3) егер бұл адамдардың өмірі, ден-саулығы не Қазақстанның қауіпсіздігі үшін қайтымсыз салдарларды болғыз-бау үшін қажет болса, адамдар, қоғам және мемлекет;
- 4) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың лауазымды адамдары тарапынан олардың қызметіне араласу фактілері бойынша жеке кәсіпкерлік субъекті-лері;
- 5) мұнда көмелетке толмаған адам-дардың құқықтары жөніндегі тармақ та енгізілген.

Прокуратура органдары өтініш-терлі:

- 1) егер олар физиологиялық ерек-шеліктеріне, психикалық ауытқула-рына және өзге де мән-жайларына байланысты өз құқықтарын, көмелет-ке толмаған адамдарды, сондай-ақ, адамдардың шектеусіз тобын қорғауды дербес жүзеге асыра алмаса, адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келті-ру үшін;
- 2) егер бұл мүдделерді қорғауды құқыретінде тиісті өкілеттігі бар уәкілетті орган тиісті түрде қамтама-сыз етпесе не мұндай орган болмаса, адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпы-на келтіру үшін;
- 3) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекеме-лер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар тарапынан олардың қызметі-не араласу фактілері бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықта-ры мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін;
- 4) Қазақстанның конституциялық құрылысы мен ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қатерді болғызбау мақсатында;
- 5) жойылмаған жағдайда адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру-ге әкеп соқтыратын заңдылықты бұзу фактілері бойынша;
- 6) ҚР Президентінің тапсырмалары бойынша;
- 7) Бас Прокурордың тапсырмалары бойынша қарайды.

Егер Қазақстан заңдарында басқа жағдай көзделмесе, өтінішті қарау мерзімі оның прокуратура органдары-на келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнін құрайды.

Сонымен қатар, заңға «Прокурату-ра органдарының лауазымды адамда-ры шешімдеріне, актілеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен шағымдарды сотқа дейінгі реттеу» бабы қосылды. Прокуратура шешім-деріне, актілеріне не прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым адамға шешімнің, актінің қабылданған-ны немесе әрекеттің (әрекетсіздік) жасалғаны туралы белгілі болған күн-нен бастап үш айдан кешіктірмей прокуратура органдарына беріледі және оны жоғары тұрған прокурор қа-райды. Бұл талаптарды қарау тәртібі қылмыстық процестік заңнамасында, азаматтық процестік заңнамасында, қылмыстық-атқару заңнамасында, әкімшілік құқық бұзушылық ту-ралы заңнамасында, қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметі сала-сындағы заңнамасында белгіленген шағымдарға қолданылмайды.

Шағымды қарау мерзімі жиырма жұмыс күнін құрайды.

Егер Қазақстан заңдарында өзгеше көзделмесе, шағым берген адамның өтінішхаты бойынша дәлелді себеп-термен шағымдану мерзімін өткізіп алған жағдайда, оны прокуратура ор-ганы қалпына келтіре алады. Шағым-ды сотқа дейінгі тәртіппен қарау нәтижелері прокурордың шешіміне, актісіне және әрекетіне (әрекетсізді-гіне) Әкімшілік рәсімдік-процестік



**А. ЖАҚЫПОВ,
Бостандық ауданының прокуры,
аға әділет кеңесшісі**

кодексінде көзделген тәртіппен сотқа шағымдану үшін негіз болып табы-лады.

Сондай-ақ, жақында қолданысқа енгізілген «Рақымшылық туралы» заң төңірегінде де айтып өткен жөн.

«Рақымшылық туралы» заң 2022 жылдың 2 қарашасында қабылдан-ды және қолданысқа енгізілді. Заң-ның 3-бабы 5-тармағына сәйкес, рақымшылық жасау актісі қолда-нысқа енгізілген күннен бастап 6 ай бойы орындалады. Осы заң Қазақстан аумағында 2022 жылғы 4-7 қаңтар аралығында жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты не олардың жолын кесу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қолданылады.

Заңның 1-бабында Қылмыстық кодекстің рақымшылыққа жататын 53 бабы келтірілген. Егер осы заң-ның баптарында көзделген қылмыс-тық құқық бұзушылық 4-7 қаңтар аралығында жасалса, алайда жаппай тәртіпсіздікпен байланысты болмаса, онда рақымшылық қолданылмайды.

Рақымшылық жасау прокурор бекіткен қылмыстық қудалау органы-ның (лауазымды адамның) қаулысы негізінде, сондай-ақ, сот қаулысының негізінде қолданылады. Бұл ретте заң:

- 1) террористік қылмыс жасаған;
- 2) экстремистік қылмыс жасаған;
- 3) азаптаулар жасаған;
- 4) көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған, алайда он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі көме-летке толмағанға қатысты көмелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасаған жағдайын қоспағанда;
- 5) мемлекетке опасыздық жасаған;
- 6) сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған;
- 7) осы қылмысты көмелетке тол-мағандар жасаған жағдайды қоспаған-да, жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдас-тырған; (272, 1-6)
- 8) қылмыстардың қайталануы не-месе қылмыстардың қауіпті қайтала-нуы кезінде жазасы тағайындалған адамдарға қолданылмайды.

Рақымшылыққа жататын адам-дарға қатысты қылмыстық теріс қылықтар, ауырлығы төмен, орта-ша қылмыстар туралы іс жүргізуде-гі қылмыстық істерді осы заңның 1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар бөлігінде қыл-мыстық процесті жүргізетін орган аталған адамдарды қылмыстық жау-аптылықтан босата отырып тоқтатуға тиіс.

Осы заңның 1-бабында көрсетілген қылмыстық теріс қылық, ауырлығы төмен, орташа қылмыс жасағаны үшін жазасын өтеп жүрген адамдар жазадан (негізгі және қосымша) немесе оны одан әрі өтеуден босатылады. Ауыр қылмыс жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан адамдарға жаза төрттен үшке, аса ауыр қылмыстар бойынша – жар-тысына қысқартылады. Бұл ретте, егер сотталған адамға осы заң қолданысқа енгізілген күні жазаны өтеу бір жыл-дан аз уақыт қалған жағдайда, негізгі жаза оның барлық өтелмеген мерзімі-не қысқартылады.

Заңның 1-бабында көрсетілген ауы-рлығы төмен, орташа қылмыстар үшін жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылып, рақымшылыққа ілінген адамдардан соттылығы алы-нады.

БАЛЫҚ ӨНДІРІСІ ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан да бұл салаға белгілі деңгейде назар аударуда. Жалпы, экономикалық сараптамалар Қазақстандағы су ресурстары 600 мың тоннаға дейін балық өсіріп, экспортты 10 есеге арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған жолдауларында балық шаруашылығына ерекше мән беріп, нақты міндеттер жүктеп келеді. Жуырда Парламент Мәжілісінде елдегі балық шаруашылығының даму барысы, басымдықтары, жетістіктері мен кемшіліктері талқыланған Үкімет сағатында болған әңгімеден түйгеніміз бұл бағытта біршама жұмыстар атқарылуда.

Мәселен, 2004 жыл мен 2006 жылға дейінгі балық шаруашылығын дамыту бағдарламасы іске қосылды. Оның аяқталуына орай 2015 жылдарға арналған балық шаруашылығын дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Одан соң Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Осылайша, балық шаруашылығын дамытудың заңнамалық базасы мен экономикалық тетіктері жасалды.

Бүгінгі таңда республикада балық өсірумен 380-ге жуық шаруашылық айналысады екен. Осы мақсаттарға республикалық бюджеттен балық шаруашылықтарын, қайта өңдеу және жем-шөп өндіру объектілерін салуға бизнестің инвестициялық шығындарын өтеуге 700 миллион теңгеден астам қаражат бөлінді.

Осыған байланысты балық өсіру көлемінің ұлғаюы байқалады.

Сонымен қатар, балық шаруашылығын дамыту үшін мемлекеттік қолдау шаралары кеңейтілді, қайта өңдеу, мал азығын өндіру, тоған шаруашылықтарының паспорттары енгізілді. Жалпы құны 850 тонна балық өсіретін 1 млрд теңгеден астам 4 инвестициялық жоба жүзеге асырылды.

Алайда, бұл бағдарламалардың бірде-біреуі өз тиімділігін көрсете алмады. Мұны жиында қосымша баяндама жасаған Мәжілістің Экология және табиғатты пайдалану комитетінің төрағасы Александр Милютин мәлімдеді. Милютин мырзаның айтуынша, балық шаруашылығын дамыту тұжырымдамасында «халықтың балық және балық өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз ету үшін тауарлық балық өсіру және балық импортының көлемін жылына 272 мың тоннаға дейін арттыру қажет» деп көрсетілген, бірақ бұл тапсырма орындалмады. Бұған Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Балық шаруашылығы комитетінің 2014 жылы таратылғандығы себеп. Осы уақыттан бері балық ресурстарын қорғау, өсімін молайту және тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты Экология министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті жүзеге асыруда. Аталған саладағы функциялар комитет, жергілікті атқарушы органдар және балық шаруашылығы субъектілерінің өзін-өзі басқару органдары арасында бытыраңқылық орын алып отыр. Бұл орталықтандырылған тиімді жұмыс үшін кедергілер

туғызды. Тек 2021 жылы ғана Балық шаруашылығы комитеті құрылды. Осының барлығы, сондай-ақ, мемлекеттік қолдау шараларының жеткіліксіздігі, бөлінген қаржының тиімсіз жұмсалуды балық шаруашылығындағы проблемаларды ушықтырды. Қазіргі уақытта қабылданған шаралар бар проблеманы шешу үшін жеткіліксіз.

Енді 2021 жылы балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Оны жүзеге асыруға бөлінген қаржы ресурстарының жалпы көлемі 541,3 млрд теңге. Оның 56,4 млрд теңгесі республикалық бюджеттен, 144,3 млрд теңгесі жергілікті бюджеттен және 340,5 млрд теңгесі жеке инвестициялар болуы тиіс. Жаңа бағдарлама тиімділікке қол жеткізу үшін оған қатысушылардың барлығы өз міндеттемелерін орындауы және жоспарларды іске асыруға бөлінген қаражаттың тиімді пайдаланылуы қажет. Өкінішке қарай, бұл құжаттың да кемшіліктері баршылық. Біріншіден, онда балық шаруашылығының балық аулау, балық өңдеуші кәсіпорындар мен балық өсіру зауыттарын дамытуға бағытталған маңызды мәселелері қамтылмаған. Бүгінде балық өңдеумен, аулаумен, шабақ өсірумен айналысатын кәсіпкерлік субъектілері осыған алаңдаулы. Екіншіден, бағдарламада табиғи су қоймаларындағы балық ресурстарын сақтау және ұлғайту шаралары ескерілмеген. Яғни, көктемгі және жазғы кезеңдерде балықтарды құтқару, сондай-ақ, қыста мұздату жұмыстары назардан тыс қалған. Үшіншіден, бағдарламада

браконьерлікпен күрес жайлы бір ауыз сөз жоқ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында браконьерлік балық шаруашылығын дамытуда үлкен кедергі екенін және мұны тек қылмыстық қудалау шараларымен шешуге болмайтынын айтқан еді. Өйткені, жауапкершілік артып, қатаңдатылғанымен, браконьерлер қайтадан балық аулаудың заңсыз жолына түседі. Бұған тосқауыл қоюдың бір жолы министрліктің қоршаған ортаны қорғаумен айналысатын аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының жұмысын ширатып, оларды қаржыландыруды арттыру қажет.

Тағы бір маңызды мәселе – мемлекеттік қолдау шараларының жоқтығы. Жергілікті атқарушы органдар балық шаруашылығын субсидиялауға қаражатты қалдық принцип бойынша бөледі немесе балық өсіру басым бағыт емес дегенді алға тартып, бұл саланы назардан тыс қалдырады.

Министрліктің 2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру шеңберінде жергілікті бюджеттерге жалпы сомасы 6,0 млрд теңге, жыл сайын 2 млрд теңге сомасында балық шаруашылығы субъектілеріне шығындарды субсидиялауға қаржы бөлінді. Алайда бұл қолдаудан Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарындағы балық шаруашылықтары тыс қалып отыр. Бұл өз қаражатын балық шаруашылығы нысандарының құрылысына, сондай-ақ,

негізгі құралдарды сатып алуға жұмсайтын балық шаруашылығы иелерінің орынды ренішін тудырды. Жалпы, мемлекеттің дер кезінде қолдау көрсетуі балық шаруашылығының өркендеуіне, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, ауыл тұрғындарының табысының артуына ықпал етеді.

Балық шаруашылығын дамытудағы тағы бір мәселе – балық шикізатының жетіспеушілігінен балық өңдеуші кәсіпорындардың өндірістік қуаттарының толық пайдаланылмауы. Бүгінде көптеген балық өңдейтін кәсіпорындар экспортқа басымдық береді. Мәселен, 2021 жылы республикадан 23,8 мың тонна балық сыртқа сатылды. Оның 21,5 мың тоннасы бүтін яғни, тірі, мұздатылған, салқындалатылған. Бұл өсірілген немесе ауланған балықтың 90 пайызы. Дайын өнім экспортын ұлғайту үшін шикізат экспортын қысқарту қажет. Бұл балық өңдеу кәсіпорындарының өндірістік қуатын арттыруға мүмкіндік беріп, сәйкесінше бюджетке түсімді арттырып, қосымша жұмыс орындарын көбейтеді.

Қазақстанда экологиялық таза балық өнімдерін өндіруге болатын су қоймалары көп, бірақ бәрінде балық аулаудың шегі бар. 2021 жылы мемлекеттік балық шаруашылықтарымен бағалы және шөпкоректі балық түрлерінің 75 миллионға жуық түрі өсіріліп, су қоймаларына жіберілді. Осыған байланысты балық ресурстарын ұлғайту мақсатында балық ресурстарын табиғи және жасанды жолмен көбейтуді жүзеге асыруға мән берілу керек.

Қазақстанның балық шаруашылығын дамытуды әлеуеті зор. Бірақ бұл нәтижелер отандық балық шаруашылығының тұрақты даму деңгейіне жетуі және ішкі нарықтың сұранысын қанағаттандыру үшін мардымсыз. Осыған орай, Үкімет өзекті мәселелерді зерделеп, қаржылық қолдау шараларына және стратегиялық жоспарларға сындарлы түзетулер енгізуі қажет.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осылайша, «Каспий» зауытының өнімділігі тәулігіне 100 мың м³ болады.

МАЭК-тің қуаттылығы жетпегендіктен өзге нұсқалар қарастырылуда

Ақтау мен оған іргелес елді мекендер үшін ауыз судың негізгі өндірушілерінің бірі – қуаттылығы тәулігіне 52 мың м³ болатын «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС. Облыс орталығының 205 мың тұрғынын сумен қамтамасыз ету үшін бұл нысанның қуаты жетпейді. Аталған кәсіпорынның негізгі жабдықтары өткен ғасырдың 60-90 жылдарында пайдалануға берілген. Негізгі жабдықтың физикалық тозуы қазір 80,7% құрайды.

Кәсіпорында теңіз суын тұщыту үшін ескі жабдықталған бес дистилляциялық тұщыландыру қондырғысы және жаңартылған үш көлденең-құбырлы буландырғыш пайдаланылады. Жабдықтың пайдалану ресурсына 20 жыл болса да, қондырғыларды пайдаланудың нақты мерзімі 31 жылдан 40 жылға дейін.

Халықты ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында №7 және 8 (жалпы қуаттылығы тәулігіне 16 мың м³) дистилляциялық-тұщыландыру қондырғыларын пайдаланудан шығарып, өнімділігі тәулігіне 24 мың м³ жаңа МТПИ – 4А, 4Б және МТПИ-5А, 5Б құрылғыларын орнату жоспарлануда.

Жоба мемлекеттік сараптамаға берілді. Оң қорытынды алғаннан кейін Маңғыстау облысының әкімдігі республикалық бюджет есебінен қаржыландыруға өтінім беретін болады. Құны 18,7 млрд теңге болатын жобаны іске асыру 2023–2024 жылдарға деп жоспарланған.

Тиімді бағытқа инвестиция салу

Ақтауда жеке инвесторлар қуаттылығы тәулігіне 20 000 м³ тұщыту қондырғысын салу бойынша жоба жүргізілуде, оны 2023 жылы аяқтау жоспарланған. Жобаның құны – 4 млрд теңге. Нысан Ақтаудың жаңа шағын аудандары мен Ақшұқыр және Сайын Шапағатов ауылдарының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуі тиіс.

Түпқараған ауданындағы су тұщыту қондырғысы

Алдағы екі жылда Түпқараған ауданының үш елді мекенінде су мәселесі шешілетін болады. Жыл сайын жазғы кезеңде Форт-Шевченко

СУ ТҰШЫТУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ АУЫЗ СУ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЯДЫ



тұрғындары мен Ақшұқыр және Сайын Шапағатов ауылдарының тұрғындарына кесте бойынша су беріледі.

Су тапшылығын жою үшін Түпқараған ауданының әкімдігі 2022–2023 жылдары Форт-Шевченко-да қуаты тәулігіне 5 мың м³ құрайтын су тұщыту қондырғысын салуға ЖСҚ әзірледі.

Бұдан басқа, 2023–2024 жылдары Ақшұқыр және Сайын Шапағатов ауылдарында қуаттылығы тәулігіне 10 мың м³ су тұщыту қондырғысын салуға ЖСҚ әзірлеу жоспарланған.

Жаңаөзен тұрғындарына су кесте бойынша берілмейтін болады

Су тапшылығын Жаңаөзен қаласының тұрғындары мен іргелес елді-мекендердің 156 мыңға жуық адамы да көруде.

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық құбыры арқылы тәулігіне 25 мың м³ су беріледі. Жаз айларында Жаңаөзен қаласының кей елді мекендеріне су кесте бойынша беріледі. Санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес ауыз суға деген жалпы қажеттілік – тәулігіне 42-43 мың м³. Жаңаөзен қаласының 2025 жылға дейінгі дамуын ескере отырып, ауыз суға деген қажеттілік тәулігіне 50 мың м³ құрайтын болмақ.

Бұл мәселені Кендірлі ауылында қуаттылығы тәулігіне 50 мың м³ су тұщыту зауытын салу арқылы шешу жоспарланған. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Жобаның жалпы құны – 87,8 млрд теңге. Жобаны іске асыру мерзімі – 2022–2024 жылдар. Жобаны бірлесіп іске асыру үшін халықаралық инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде.

Маңғыстауда жер асты су көздерін пайдалану жоспарлануда

Бейнеу ауданы Боранқұл ауылында 2024 жылы өнімділігі 80 мың м³ су тұщыту зауыты мен су сорғы станциясының құрылысы бойынша жобаны іске асыру басталады. Жаңа нысан Бейнеу ауданының Бейнеу, Есет және Боранқұл ауылдарының, Жаңаөзен қаласының, Қарақия ауданының Жетібай және Мұнайшы ауылдары, Еділ суын пайдаланатын Маңғыстау ауданының Сайөтес ауылы тұрғындарының ауыз суға қол жеткізуін едәуір жеңілдетеді. Зауыт өндіріс процесінде Төңірекшын кен орнының жер асты суларын пайдаланатын болады. Бұл жер Боранқұл ауылынан 60 шақырым қашықтықта орналасқан. Кен орны тәулігіне 104 мың м³ су бере алады, тұздылығы бір

литрге 3-4 грамм. Су тапшылығы мәселесін шешуден басқа, Каспийде техногендік апаттар болған жағдайда, нысан Ақтау мен Жаңаөзен үшін ауыз судың резервтік көзі болуға көмектеседі. Жобаның құны – 90 млрд теңге.

«Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры

Маңғыстау облысына ауыз судың бір бөлігі Ресейдің «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры арқылы келеді. Тәулігіне 17,5 мың м³ су құбырынан «Қаражанбасмұнай» өнеркәсіптік және шаруашылық қажеттіліктеріне алатын. Бұл мәселені шешу үшін компания ауыз суды алмастыра алатын су өндіретін зауыт салды.

Бұдан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ 1988 жылы пайдалануға берілген «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырын жаңғыртуды қаржыландыру мәселесін пысықтауда. Аталған су құбырының тозу деңгейі қазір 87%. Бүгінгі таңда су құбырын қайта құру жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Жобаның құны – 421,6 млрд теңге, оның ішінде 1-кезек – 147,5 млрд теңге.

Екі млрд теңгеден астам инвестиция

Жақында Freedom компаниялар тобы мен Маңғыстау облысының әкімдігі «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық бағдарламасы аясында Ақтаудағы су тұщыту зауытынан №4 орталық сумен жабдықтау торабына дейінгі аумақта сорғы станциясы мен сумен жабдықтау желілерінің құрылысын қаржыландыру бойынша меморандумға қол қойды.

Бұл жобаны қаржыландыру 2,12 млрд теңгені құрайды. Инженерлік құрылыстар салу Ақтау қаласының, сондай-ақ, Түпқараған ауданының Ақшұқыр және Саин Шапағатов ауылдарының тұрғындарын сапалы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде 230 мыңға жуық тұрғын ауыз сумен қамтылады. Жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау Маңғыстау облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылуы, су арнасы» МКК-на жүктелген. Құрылысты аяқтау 2023 жылға жоспарланған.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНА САПАЛЫ МАМАН ДАЯРЛАУ МАҢЫЗДЫ

Бүгінгі білім-паз – ертең-гі жас маман. Елдің дамуы мен ілгері жылжуы-на аз да болса өз үлесін қосам деуші әрбір саналы ұрпақ сол жолда сапалы білім нәрімен сусындауы қажет. Ал білімі бар, патриоттық сезімі жетерлік, іскер, мақсатшыл, ерік-жігері мығым болу – бұл ішкі істер органдарының болашақ қызметкерлеріне қойылатын басты талап.



Білім мен ғылымның дамуы – адамзат өркениетінің өлшемі, сапалы білім – жарқын болашағымыздың кепілі. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың даму және оларды қолдау мақсатында іс-шаралар жүргізу және бағдарламалар әзірлеу керек екендігіне ерекше көңіл бөліп келеді. Себебі, мемлекеттің болашағы дәл осы жастар болып табылады. Жаңа онжылдықта бізге демократиялық мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесі қажет екенін, «Менің полициям мені қорғайды» деген ұғым бүгінгі күннің ұранына айналуы тиіс екендігін Президентіміз өз жолдауында ескерткен болатын. Бойына борыш пен намысты, ар мен адалдықты серік етіп, қоғамымыздағы тыныштықты сақтауды парыз тұтатын болашақ патриот, маман тәрбиелеу бәрінен жауапты іс.

Осы тұрғыда, М. Есболатов атындағы ҚР ИИМ академиясы болашақ құқық қорғау мамандарын даярлау ісінде мол тәжірибе қалыптастырған оқу орны. Талапты білімгердің таңдаған мамандығын игеруінде теориялық білім мен кәсіптік тәжірибенің дұрыс үлгісін алуы маңызды рөл атқарады. Аталмыш оқу орнында білікті тәжірибелі оқытушылар құрамы тәлім беруде. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» демекші, шәкірттеріміздің республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүргенін мақта-нышпен айта аламыз.

Қазақстандық болашақ полиция кадрларын даярлауға қатысты біз бірқатар жетістіктерге қол жеткіздік. Атап айтсақ, ең алдымен, болашақ құқық қорғау мамандарын патриоттық рухта тәрбиелеу мәселесі жолға қойылды. Бұл бағытта тәжірибелі қызметкерлер, ұстаздар, өзінің озық ғылыми педагогикалық тұрғыдан осы саланы өркендетуге ұмтылған азаматтардан құрылған арнайы тәлімгерлік институт қызметінің негізгі қаланды десек те болады. Бұл бастама болашақ ішкі істер органдары қызметкерлерін кәсіби біліктілік пен адамгершілікке баулып қана қоймай олардың мемлекетшілдік, патриоттық сезімдерін қалыптастыруға да үлес қосады деген сенім мол.

ҚР ИИМ академиясына түсетін кандидаттарды қабылдау мен іріктеу жалпы орта білімі бар, ішкі істер органдары қызметкерлерінің қойған талаптарына жауап беретін, әскери қызмет етуге және білім алуға денсаулық жағдайы сәйкес келетін Қазақстан азаматтарының арасынан таңдалады. Академияға әр жылдың 31 желтоқсанына дейін жасы 17 мен 25 аралығындағы азаматтар қабылданады.

ҚР ИИМ академиясы кандидаттарды Астана, Алматы қалаларындағы ішкі істер департаменттерінен не азаматтардың тұрғылықты мекенжайынан алынған медициналық, физикалық, психофизиологиялық сәйкестіктеріне қарай іріктеп, қабылданады.

Қазақстан ішкі істер органдарының қызметкерлерін дайындау үшін екі ИИМ жоғары оқу орны және үш колледж жұмыс жасайды. Академияда мына мамандықтар бойынша жоғары деңгейде кәсіби білім береді: тергеу-криминалдық, оперативті-криминалдық, оперативті-із кесушілік, администраторлық-құқықтық салаларын қамтамасыз ететін «Құқық қорғау қызметі» мамандығы. Оқу мерзімі – 4 жыл.

Академияның басты міндеті – Отанын шексіз сүйетін ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу. Даңқты қолбасшы Б. Момышұлы «Тәртіпке бағынған құл болмайды» демекші, аталмыш оқу орнының негізгі ұстанымы да – темірдей тәртіп орнату. Жастарымыздың парасат пайымы биік, жан-жақты тұлға болып қалыптасуы үшін алдымен, темірдей тәртіптің болуы шарт.

Еліміздің тыныштығын қорғап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қасиетті борыш. Халық алдында адал қызмет етуге ант берген қатардағы әрбір тәртіп сақшысына үлкен жауапкершілік жүктейді.

Академия оқытушылары білім алушыларының бойына адалдық пен кәсібилікті сіңіріп тәрбиелеуге тырысады. Осы кезеңде Ішкі істер министрі Тұрғымбаевтың басшылығымен құқық қорғау органдарының реформалау бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Қара шаңырақтан тәлім алып, еліміздің түкпір-түкпіріне қанат қаққан әрбір түлегіміз, бар жиған білімдерін өскелең ұрпаққа, өз халқының игілігіне арнайтыны ақиқат. Бұл оқу орны әрбір жас буынның жігерін жанып, білімін шыңдап, ғылымға бетбұрыс жасауына үлкен үлес қосуда.

Академиямыздың мәртебесінің биік болуы сол жастарымыздың білімі мен белсенділігіне, іскерлігіне тікелей байланысты.

Эльвира АЛИМОВА,
М. Есболатов атындағы ҚР ИИМ академиясында
Жалпы құқықтық пәндер кафедрасы
бастығының міндетін атқарушы
PhD докторы, полиция полковнигі



Соңғы жылдары оңай олжаға кенелгісі келетін дердің саны артты. Қоғамда көп орын алатын қылмыстардың бірі – автокөлік ұрлау.

АВТОКӨЛІК ҰРЛАУШЫЛАР АЗАЙМАЙ ТҰР

Ұрылардың әдетке айналдырған кәсібінің бірі – көліктің магнитофонын, дөңгелегін және оның ішіндегі бұйымдарды үттеп кететін деректерді жиі естиміз. Тіпті, әккі ұрылар біреудің «темір тұлпарын» өзіне меншіктеп, өзінің затындай өзгеге сатып я болмаса жеңіл көлікті бөлшектеп сатып жіберетінін де естіп жатырмыз. Бір отбасын асырап тұрған темір тұлпарды қолды ету жалғыз адамның қолынан келетін іс емес. Олар осындай іспен машықтанған қылмыстық топ. Бұның сырын, олардың «жорыққа» негізінен қашан шығатынын, мәселенің басқа да жай-жапсарын және көлігіңіз ұрланған жағдайда не істеу керектігі жайында Түркістан облысы Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Жамбыл Жандаров айтып берді.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 909 АВТОКӨЛІК ҰРЛАНҒАН

Полиция майорының сөзіне қарағанда, ең көп жасалатын қылмыстың түрі – ол ұрлық. Қолының сұғанағы бар кез келген жастағы адам «оңай олжаға кенелмек» мақсатпен көбіне көп ашылмай тасада қалып кететін қылмыстарды жасауға тырысады. Соңғы кездері олардың мүмкіндігі күннен-күнге молаю үстінде. Олай дейтінім, жаңа үлгілері неше түрлі құрал-саймандар, жаңа технологиялар мен озық әдістердің көбеюі әккі ұрылардың жұмысын жеңілдетуде.

Елімізде жыл басынан бері 909 автокөлік ұрланып, оның 775-і табылған. ИИМ-нің дерегіне қарағанда, жыл басынан бері 19 қылмыстық топ құрықталған. Көбіне «Toyota» және «Lexus» маркалы автокөліктер ұрланады екен. Алайда, бұл қылмыс биыл былтырғы дерекпен салыстырғанда 6 пайызға азайған.

– Көлік ұрлығы қылмыстарының алдын алу мақсатында, полиция қызметкерлері жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Яғни, автокөлік пен олардың иелерін, оның ішінде көрші мемлекеттер мен шекара маңындағы аудандарда тексеру бойынша мобилді бекеттер құрылған. Тәртіп сақшылары айдап әкетілген автокөлікті және ұрланған қосалқы бөлшектерді анықтау үшін гараж кооперативтеріне, жеке автосерхана-ларға, техникалық қызмет көрсету сервисіне, автотұрақтарға, автобөлшектеу пункттеріне, автобазарлар мен автодүкендерге ұдайы тексеру жұмыстарын жүргізеді. Әкімдіктер, қоғамдық құрылымдармен бірлесіп, профилактикалық акциялар мен жиындар өткізіп отырады. Оның ішінде тұрғын үйлердің аулаларында, кіреберістерде және азаматтар көп жиналатын орындарда профилактикалық жарнамалар орналастырылады. Жер үйде тұратын тұрғындарға автокөліктерін үйінің ауласына кіргізіп қоюды, ал көпқабатты үйлердің тұрғындарына автокөліктерін

жеке гаражға, егер гараж болмаған жағдайда бейнебақылау камерасы орнатылған, жарықтан-дырылған ақылы автотұраққа қоюды түсіндіруде, – дейді полиция майоры Жамбыл Жандаров.

5 КӨЛІК ИЕСІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Жалпы, осындай кешенді іс-шаралар аясында, үстіміздегі жылдың он айында облыс көлемінде 10 автокөлік ұрлығы тіркелген. Полиция қызметкерлерінің жедел әрекет етуінің нәтижесінде, 5 автокөлік иелеріне қайтарылды. Автокөліктерді ұрлағаны үшін 9 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 7 адамнан тұратын 3 қылмыстық топ құрықталды.

Мәселен Отырар аудандық полиция бөліміне жергілікті тұрғын арызданып, ауласында тұрған «Ваз-21060» маркалы автокөлігін белгісіз біреу айдап кеткенін хабарлаған. Аталған жайт ҚК 200-бабы «Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатында құқыққа сыйымсыз иеленіп алу» бойынша тіркелді. Тәртіп сақшылары көлік ұрлаған күдіктіні құрықтау мен тұр-тұлағын анықтау үшін барлық қажетті шараларды атқарды. Содан арада небары 2 күн өткенде жәбірленушінің көлігін заңсыз иемденіп кеткен азаматтарды анықтады. Осылайша отырарлық сақшылар күдікті ретінде бұрын сотты болған Түркістан қаласының екі жас тұрғынын құрықтады. Белгілі болғандай, күдіктілер аталған қылмысты жасамас бұрын өзара ақылдасып, арнайы жоспар құрған. Оңай жолмен ақша табуды көздеген екі жұмыссыз жігіт, Отырар ауданына бет алған. Ауыл тұрғынының көлігін ұрлап, бөлшектеп сатып оңай олжаға кенелуді көздеген. Олар жәбірленушінің ауласын біраз күн басылаған. Содан түнгі уақытта жәбірленушінің ауласында тұрған автокөлікті ұрлап кеткен. Қолды болған көлікті Түркістан қаласына дейін айдап келіп, жарамды бөлшектерін сатып жіберген. Ал қалғанын өртеген. Қазіргі таңда күдікті азаматтар қамауға алынып, тергеу амалдары жүргізілуде.

ҰРЫЛАДАН САҚТАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі ұрылардан сақ болудың бірнеше жолын айтып берді. Көлігіңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең қарапайым қауіпсіздік нормаларын сақтау қажет. Ешуақытта автокөліктің есігін ашық және кілтімен қалдырмаңыз. Көлікті түнде тұраққа қойғанда гаражды немесе күзетілетін тұрақты пайдаланыңыз. Қылмыскер сіздің көлігіңізді тез иемденбеуі үшін тиісті шаралар қабылдаңыз. Оны электронды және механикалық ұрлыққа қарсы құрылғылармен және GPS маяктары бар ұр-

лыққа қарсы кешендермен жабдықтаныз. Автокөлік салонында құжаттар мен құнды заттарды қалдырмаңыз. Басқа мемлекетте тіркелген автокөлікті сатып алғанда, әртүрлі интернет сайттар ұсынатын қызметтер арқылы қолда бар деректер бойынша автокөліктің «тазалығын», яғни бұрын ұрланған-ұрланбағанын тексеріңіз!

ТЕМІР ТҰЛПАРЫҢЫЗ ҰРЛАНҒАНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Өзіңіз ең алдымен болған жағдайды елестетіп көріңіз. Танертең жұмысқа бару үшін асығыс үйден шықтыңыз. Бірақ көлігіңіз күнделікті тұратын орнында болмады. Әрине, адамның ойына әртүрлі ой келері анық. Ең бастысы сабыр сақтау қажет.

рек. Немесе, сіздің көршілеріңіз үй маңайына камера орнатқан болса, олардың жазбаларын да қарап шығу керек. Барлық танысыңызды көлігіңіздің жоғалғаны жайында хабардар еткеніңіз абзал. Автокөлігіңізді тәжірибелі ұры қолды қылса, ең алдымен ол көлікті тасалау жерге айдап апарды. Бұл – артық назар аудармайтын, оқшауланған аймақ. Әдетте мұндай жерлер ұрланған аймаққа жақын орналасады. Абыр-сабыр басылғаннан кейін ғана көлікті басқа жерге айдап әкетеді.

САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

Көлік ұрлығына қатысты қылмыстардың бәрінде ұрылардың көзі ең алдымен автомагнитола панельдеріне түседі. Олар өздерінің дйттеген мақсатына

қол жеткізу үшін жеңіл көлік есігінің құлпын бұзады немесе терезені сындырып көліктің есігін ашып, бағалы заттарды үттеп кетеді. Тиісінше қолға түскен қылмыскерлерден көліктің есігін ашуға және терезесін сындыруға арналған арнайы құрал-жабдықтар жиі табылып жатады. Осы орайда дыбыстық қондырғының (сигнализация) айтарлықтай рөл атқармайтынын айтпай кетуге болмайды. Себебі, әдетте мұндай қылмыстар өте тез жасалады. Әрі күзетілмейтін аумақтарда, қаланың төменгі аудандарындағы аулаларда орын алғасын кім жедел қимылдай қойсын.

Жамбыл Жандаровтың сөзіне қарағанда, көліктің салонын тонайтындар міндетті түрде иесінің ізіне түсіп, алдын ала анду жұмыстарын жүргізеді екен. Оның белгілі бір ғимараттан қашан шығатынын білгенде ғана әлгіндей әрекетке баратын көрінеді. Жеңіл көлік иелері немқұрайлық танытып, көліктің есігін немесе терезесін ашық қалдырады, сонымен қатар, автомагнитоланы, құжаттарды, бағалы заттарды өзімен алып кетпейді.

ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ ТҰРҒЫНДАР РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ

Полиция қызметкерлерінің қырағылығына риза болған түркістандық азамат Түркістан облыстық ПД-ға келіп ризашылығын айтты.

– Үстіміздегі жылдың тамыз айында бір туысымыздың тойына келген едім. Тойхананың алдында көлік көп екенін көріп ұзақтау жерге көлігімді қойдым. Күн ыстық болғандықтан көлігімнің терезесін кішкене ашық қалдырдым. Сөйтіп, тойдан шығып көлігімді қойған жерге келсем, орнында жоқ. Тек жеңіл көлігімнің ізі ғана қалған. Бірден 102 қызметіне хабарлап, болған істің мән-жайын түсіндірдім. Сөйтіп, полиция қызметкерлері жоғалған көлігімді сол ауданда адам сирек жүретін тасаға жасырып қойған жерінен тауып берді. Әккі ұрылар көлігімнің ішіндегі сатуға жарайтын заттарын алып кетіпті, қалған заттарын қас қарайғанда бөлшектеп алуды жоспарлаған болар. Әрине, көлігіңнің бос орнын сипап қалу өте қиын жағдай екен. Ешкімнің басына салмасын мұндайды. Себебі, жеңіл көлік әрбір отбасының табыс көзі. Бір отбасын асырап отырған құрал, осындай табыстан айыруға тырысатын ұрылардың айласы да күн санап артып келе жатқаны қынжылтады. Көлігіміздің жоғалуына бірінші өзіміз кінәліміз. Себебі, темір тұлпарымызға немқұрайлы қарап, әккі ұрылардың қылмыс жасауына өзіміз жағдай жасап береміз. Түркістан облыстық полиция департаменті қызметкерлерінің жедел әрекет етуінің арқасында көлігімді дер кезінде таптым. Еліміздің қорғаны болып жүрген полиция қызметкерлеріне алғысым шексіз, – дейді Олжас деген Түркістан қаласының тұрғыны.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Аман КУНИКЕЕВ,

Алматы облыстық өңірлік комиссиясы №2 жұмыс тобының жетекшісі:

«РСФСР ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ 61-БАБЫМЕН СОТТАЛҒАН ШАРУАЛАРДЫ ДА АҚТАУ КЕРЕК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл бойынша 83 тәркіленуші шаруаның тізімін анықтап, оның 30-ы ақталмағаны дәлелденіп отыр. Алматы облысының шекаралық аудандарынан мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылған 273 шаруаның тізімі бар. Мамандардың тиісті талдауынан өтіп жатқан түрлі шаруашылық-саяси науқандарда жазаланғандар мәселесі бойынша 1932 жылғы 7 тамыздағы заңына сай Алматы облысында 1634 шаруа сотталғаны анықталған. Ал 1947 жылғы 4 маусымда қабылданған осыған үндес жарлық бойынша жазаланғандар саны 181 адамды құрады.

– *Осы арада тәркілеуге ұшыраған байлардың тізіміне арнайы тоқтала кетсеңіз. Өйткені, қазақ пен орыс ұғымындағы бай мен боғач сөздерінің айырмасы бар екенін көп адам біле бермейді?*

– 1928 жылғы Жетісудан тәркілеуге ұшыраған ірі байлардың тізімі мұрағат қорында «Байлардың жеке ісі» деген атпен сақталған. Аталған тізімі кейіннен осы өлкеге тарайтын орыс тіліндегі «Жетісу ұшқыны» газетінің 23 қыркүйектегі №106 (398) саны мен қазақ тілінде жарық көретін «Тілші» газетінің 26 қыркүйектегі №56 (383) санында жарияланған. Тізімде әр ауданның мүлкі тәркіленген азаматтардың аты-жөні ретімен берілген екен.

– *Жұмыс тобы соңғы жылдары ғана Алматы және Жетісу деп екіге*



бөлінген бұрынғы Алматы облысы аумағын толық қамтыған ғой.

– Оныңыз рас. Комиссия құрылған кезде олар бөлінбеген болатын. Жетісу облысында өңірлік жаңа комиссия әлі құрылмағандықтан біз бұрынғыша өз жұмысымызды қазіргі екі облыс аумағында да жалғастырып келе жатырмыз.

– *1930 жылғы 14 қыркүйектегі шекаралық аудандардан бай-кулак-*

тарды жер аудару туралы ВКП (б) Қазақ өлкелік комитеті қаулысы қалай жүзеге асырылғанын анықтадыңыздар ма?

– Қазақ өлкелік комитеті қаулысына сәйкес ОГПУ Алматы округінен 263 іс бойынша 273 шаруаны әртүрлі жазалаған. Жұмыс тобының мамандары осы 273 адамның тізімін анықтады. Бұл құжат 21.01.1931 жылғы дерек. Мәселен, Қазақстан өлкелік бақылау

комиссиясы – ҚАССР жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариаты мәліметтерінде Калинин ауданындағы бір ауылдық кеңес 4 кулақты өлім жазасына кескенін көрсеткен. Есік ауданында колхоздың рұқсатынсыз кез келген мүлік пен азық-түлікті сатуға және сатып алуға тыйым салынды. Колхозға кіруден бас тартқандар да жазаланды. Калинин ауданында бір уәкіл 16 орташа мен кедейлерді барлық сиырларды ортақтастыруға қарсы шыққаны үшін қамаған. Өлкекомнан уәкіл болып Кастек ауданына жіберілген Кубасов Алматы округінде жаппай ұжымдастырылған аудан саналып, кулактарды жою шаралары жүргізілген Есік ауданында 138 шаруашылық тәркіленіп, сотқа берілді. Кулактарға қатысты 58 көрнекі сот өткізіліп, олар әртүрлі мерзімдерге қамауға алынып, жер аударылу мен жерден айыруға кесілді. 1930 жылдың 22 ақпаны қарсаңында ауданда 3647 шаруашылық (84%) ұжымдастырылды.

– *Оның ішінде Жедел үштік шешімі бойынша жер аударылғандар саны қанша?*

– 1930 жылдың 1 наурызындағы округком Жедел үштігі шешімімен округ аумағынан тыс жерлерге жер аударылатын 2-категориялы кулак шаруашылықтар Есік ауданынан – 120, Калинин ауданынан – 200, жалпы көлемі 320 шаруашылық және 1600 жан (бір шаруашылыққа 5 жаннан есептегенде) деп белгіленді.

1930 жылдың 10 сәуіріндегі құпия анықтамаларға сәйкес, Өлкеком комиссиясы қаулысымен Алматы округінен басқа округтерге 2-категория бойынша 320 кулак шаруашылығы жер аударуға жатқызылса, соның 153 шаруашылығының (771 адам) өкілдері жер аударылған. Ал округтің өзі ішінде жаппай ұжымдастырылған аудандардан басқа аудандарға жер аудару межесіне үшінші категориялы 365 шаруашылық жатқызылып, оның 86-сы жер аударылған.

– *1929 жылдың қарашасында Өлкеком отырықшыландыру бойынша жоспарлы жұмыстарды бастау жөнінде арнайы шешім қабылданғанын білеміз...*

– Оныңыз рас. Соның нәтижесінде 1930 жылдың басында ХКК жанынан республикалық отырықшыландыру комитеті құрылды. Алматы округінен отырықшыландыруға жататын көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтар саны 18046 құрады. БК(Б) П Орталық комитеті 1929 жылдың 20 желтоқсанында «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» туралы қаулы қабылдады. 1929 жылдың 6 қаңтарындағы Алматы округтік атқару комитеті Орталық өлкелік өкіметтің 34 мың мүйізді ірі кара шығару жөніндегі тапсырмасын, округтік атқару комитеті төмендегіше жоспарды қабылдайды. 1932 жылы 7 тамызда Орталық Атқару комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қабылдаған қаулысына сай («Бес масақ» заңы) Алматы облысы бойынша сотталған 1634 шаруаның есімі анықталды.

– *Алматы облысы аймағында бай-кулактарды жою бойынша жазаланғандардың саны белгілі ме?*

– Архив құжаттарына сәйкес Алматы облысы бойынша бай-кулактарды жоюда 1103 адам жазаланған. Олардың ішінде 1031-і бай, 51-і молда, 51-і орташа, 3-уі кедей болған. Жазаланған, тәркіленіп, жер аударылған шаруалар ішінде шекарадан өтіп кету мақсатында келіп, тұрақтап қалған «Сібір кулактары» деген категория болған. Деректерде олардың саны 65 адам деп көрсетілген.

Шаруаларды сот арқылы қуғындауға большевиктер 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінің 61-бабын да пайдаланды. Онда міндеттемелерден, қоғамдық маңызы бар жалпымемлекеттік міндеттемелерден немесе істерді атқарудан бас тартқандарға қылмыстық жаза көзделген. Бұл баптың да мәнісі азаматтық құқықтарға қол сұғу. Бұл баппен сотталған шаруаларды да ақтау керек деген ойдамыз.

– *Сұхбатыңызға рақмет.*

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САРАП

Қазіргі таңда елімізде «Саяи қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмыс істеуде. Бұл комиссияға қазақтың тарихы мен танымын зерттеп жүрген білікті мамандардың топтастырылғаны белгілі. Үлкен міндет жүктелген мемлекеттік комиссияның бүгінгі жеткен жетістігі, алдағы мақсат-мұраттарын Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың профессоры Досалы САЛҚЫНБЕКТЕН білген едік.



АҚТАУ ІСІ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНЕН БАСТАУ АЛҒАН

2020 жылдың 30 мамыры күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» күніне орай үндеу жариялап, осыған дейінгі жүргізілген және алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстар бойынша «Тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды» тапсырған болатын. Міне, осы үндеуге байланысты 2021 жылдың қараша айында Мемлекет басшысының жарлығы шығып, тапсырма берілді. Комиссия жұмысының басты мақсаты саяси қуғын-сүргін құрбандарын саяси тұрғыдан толық ақтау болып табылады. Тәуелсіздік кезеңіндегі 30 жылдан астамғы тарих парактарын ой елегінен өткізіп қарасақ, 1930 жылдары елімізде орын алған әрі қолдан жасалған зобалаңның ақ-қарасын анықтау жөнінде біршама жұмыс атқарылған. Атап айтсақ, 1992 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі төралқасының «Қазақ Орталық Атқару комитеті мен ҚАКСР Халық комиссарлары кеңесінің» 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» және 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауылшаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі комиссиясы құрылып, жұмыс істеген.

Сонымен қатар, 1993 жылы 18 мамырда «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы»

ТАРИХИ ӘДІЛДІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

заң жарияланды. Заңда саяси қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, оларға тигізілген моральдық және материалдық залалды барынша өтеуді қамтамасыз ету мәселелері көтерілген. Көріп отырғанымыздай, 1930-жылдардағы аштықтың себеп-салдары, 1937–1938 жылдары жүргізілген жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде заңдық тұрғыдан алғашқы талпыныстар жасалған.

ЗАҢ БАР, ОНЫ ОРЫНДАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ КЕМШІН

Дегенмен, халқымыздың бүкіл сүт бетіндегі қаймағындай зиялы қауымына саяси жала жабылып, атылып кеткеннен кейін, оларды саяси тұрғыдан ақтау ісінде алдымызда әлі де түйткілді мәселелер жеткілікті. Өйткені, жап-жақсы заңдар қабылданғанымен, олардың орындалу механизмі түпкілікті шешімін таппады. Мәселен, Жоғарғы Кеңестің қаулысы жартылай іске асырылмаған күйінде қалып кетті. Яғни, осы қаулы негізінде Мемлекет басшысының жарлығы, үкіметтің қаулысы шығу керек еді. «Саяси қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, оларға тигізілген моральдық және материалдық залалды барынша мүмкін болатындай өтеуді қамтамасыз ету мәселелері» сәйкесінше орындалмады десек те болады. Бұндағы басты кедергі – зерттеушілерімізге жаппай қуғын-сүргін кезеңінің көптеген түйткілдерін ашатын Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі, прокуратура архивтерінің жабық болуында болды.

Сондай-ақ, «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» бұрынғы заңда: «Қарулы көтеріліске немесе қарулы мақсатта басып кірген, күш көрсету әрекеттеріне, тіміскілік, зорлық-зомбылық, бүлдіру әрекеттеріне қатысқан адамдар ақталуға жатпайды» деп көрсетілген. Бұрынғы РКФСР Қылмыстық кодексінің 59-бабымен айыпталғандар, жазаланғандар ісі қаралмады да, ақталмады да. Кеңестік биліктің зорлық-зомбылығына қарсы қолына қару алып күрескендерді бандыларға жатқызған кеңестік биліктің тұжырымы өзгеріссіз қалып қойды. Тарихты бұрмаламай турасын айтатын болсақ, олар кеңестік озбырлыққа қарсы күресіп, елдік мұрат жолында шейіт болған боздақтар еді.

КОМИССИЯНЫҢ МІНДЕТІ АУҚЫМДЫ

Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті – саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі ұсыныстарды жинау, талдау және әзірлеу, саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру, қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарын ақтау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау.

Ал енді, атқарылған жұмыстар жөніндегі мәселе келетін болсақ, 2021 жылдың қорытындысы бойынша комиссия «Қазақстандағы саяси репрес-

сия құрбандарын ақтау: құжаттар мен материалдар» деп аталатын еңбекті жарыққа шығарды. Еңбекте Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауға қатысты зерттеулердегі өзекті мәселелер талданып, ортақ пайыымдар мен жұмыс барысының қорытындылары берілген. Жұмыс әлі де жалғасып жатыр.

БІЗДІҢ СҮЙЕНЕРІМІЗ – АРХИВ

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына және Алаш қайраткерлеріне қатысты айтылатын теріс мағынадағы әңгімелер аз емес. Солардың дені зиялылар бірін-бірі жау деп ұстап берген дегенге саяды. Осындай келеңсіз әңгіме жаңа батады. Қауесет таратқандардың сөзіне сенсек, елімізде мақтан етер, ардақ тұтар адам жоқ. Шындығына келетін болсақ, бұндай әңгімені қонырсытып жүргендердің барлығы архив қойнауында жатқан деректермен таныспаған, әр жерден естігенін елге жеткізіп жүргендер. Олай дейтін себепім, комиссия мүшесі ретінде қуғын-сүргінге ұшыраған көптеген қайраткерлердің жеке істерімен таныстым. Оның ішінде НКВД-ның жендеттері азаптап, ұрып, соғып қинағаннан кейін өз «кінәсын» мойындағандар бар. Турасын айтқанда, оларды «мойындатқан» деп айтуымыз керек.

Сонымен қатар, қаншама азаптап қинаса да, небір құйтырқы әрекеттер жасалса да өзіне тағылған жалған саяси айыптауларды мойындамай, өмірден қасқайып өткен тұлғалар қаншама! Осы тұрғыда, архив құжаттарына жүгініп, бірнеше қайраткердің жеке істерінен мысалдар келтірейін. Халқымыздың саяси күресі жолында ұлт көсемі болған Әлихан Бөкейхановтан бастасақ, ұлт көсемін НКВД-ның жендеттері 1937 жылы 26 шілдеде тұтқындап, алтыншы тамыз күні тергеу жауаптарын алытты. Онда Ә.Бөкейханов 1905 жылдан бастап, 1917 жыл аралығында болған саяси оқиғаларды, өзінің саяси күрес жолын бүкпесіз баяндаған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі оқиғаларды да ашып айтыпты. КСРО жоғарғы әскери соты алқасының шешімімен Ә.Бөкейханов кеңес өкіметіне қарсы күрескен, кеңес өкіметінің жауы ретінде кінәлі деп табылған және РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 8, 11-тармақтары бойынша айыпталып, ату жазасына кесілген. Жаза 1937 жылы 27 қыркүйекте орындалған. КСРО Жоғарғы Соты алқасының жабық сотының хаттамасында «Бөкейханов өзіне тағылған айыптарды ішінара ғана мойындады» деп көрсетілген. Өзіне берілген соңғы сөзде Ә.Бөкейханов «Мен кеңес өкіметін ұнатпадым, бірақ мойындаймын» деп мәлімдепті.

Халқымыздың тағы бір арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы 1937 жылдың 13 тамызы күні РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10, 11-тармақтары, яғни контрреволюциялық ұлтшыл

ұйымның мүшесі, революцияға қарсы белсенді күресуші ретінде тұтқындалған. 1937 жылы 2 қазан күні болған тергеудегі тергеушінің: «Сіз 1936 және 1937 жылдары Алматыда болған контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның мүшесісіз. Осы ұйымға қатыстылығың жөнінде жауап беріңіз» деген сұрағына Ахмет Байтұрсынұлы: «1936 және 1937 жылдары сіз айтып отырған ұйымға ешқандай да қатысым болған жоқ» деп жауап береді. Айыптау қорытындысында Ахмет Байтұрсынұлының айдаудан қайтып келгеннен кейінгі өзіне тағылған айыптауларды мойындамағаны атап көрсетілген.

Бұндай мысалдарды жалғастыра беруге болады. Алдағы уақытта осы мәселелер жөнінде зерттеу мақалаларын және жеке еңбектерді жазатын боламыз. Сондықтан, баса атап көрсететінім, қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің бәрі анандай болды, мынандай болды деп жала жабуға, кінәлауға ешқандай негіз жоқ.

ҚҰҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАНДАР САНЫ ӘЛДЕҚАЙДА КӨП

Біздегі осы уақытқа дейінгі жүргізілген зерттеулер қорытындысына сүйеніп «Қазақстанда жаппай қуғын-сүргін жылдары 125 мың адам тұтқындалып, оның 25 мыңы тікелей ату жазасына кесілді» деп айтып келдік. Архив құжаттарымен танысқанда бір байқағаным, бір айыпталған тұлғаның ісі бойынша ондаған адам айыпталып, жазаға тартылған. Олардың көпшілігі күні бүгінге дейін ақталмаған. Бұдан біздің елімізде қуғын-сүргінге ұшырағандар саны әлдеқайда көп деп тұжырым жасауға болады. Осы іс бойынша алдымызда көптеген жұмыстар тұр. Соған орай саяси тұрғыдан айыпталғандардың барлығын да бір құжатпен арнайы заң шығарып, ақтау керек. Бүгінгі күнгі талап деңгейімен қарастырсақ, олардың ісінде ешқандай да құпиялық жоқ. Біз әлі де болса, кеңестік дәуірден қалған көзқарастан шыға алмай отырмыз.

Мемлекеттік комиссияның өнімді жұмыс жүргізіп келе жатқанына екі жыл болды. Бүкіл республика бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып кететін болсақ, комиссияның ұсыныс беруімен қуғын-сүргінге ұшыраған 250 мыңнан астам адам ақталды. Жұмыс жалғасып жатыр. XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы қуғын-сүргін кезеңіне қатысты барлық тарихи құжаттарды сақтаудың бірыңғай мемлекеттік қоры құрылып, жасақталуда. Қуғын-сүргін құрбандарына қатысты бірыңғай жүйеленген арнайы порталды құру жұмыстары жүргізілуде. Бұл зерттеушілер және қуғын-сүргін құрбандарының туыстары үшін ақпарат алу жұмыстарын едәуір жеңілдетеді.

А. САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

IT ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАҒА ЖАҢА СЕРПІН БЕРДІ

Азаматтардың сотқа сенімін қалыптастырып, сот билігінің беделін арттыру – реформаның басты мақсағы. Сол үшін соттарға жаңа технологияларды енгізіп, заңдарды үнемі жетілдіріп, сот рәсімдерін қазіргі заман талабына сай жүргізу міндеттелген. Дамып келе жатқан болашағы зор сала ақпараттық технологиялар саласы екендігі бөріне мәлім. Жалпы, цифрлық технологиялардың біздің қоғамға берер артықшылықтары көп. Цифрлық технологияларды мемлекеттік органдардың қызметіне енгізсек, ол мемлекеттік органға тиімді болатыны және қызмет көрсету деңгейі жоғарылайтыны сөзсіз.

Осыған орай, азаматтар мен заңды тұлғалар үшін істі сотта қарауды жеңілдету және қол жетімді ету, сондай-ақ, сот ісін жүргізуде инновациялық технологияларды кеңінен қолдану мақсатында қазіргі таңда ҚР Жоғарғы Соты тарапынан 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Төрелік» ақпараттық жүйесі енгізілген. Сонымен қатар, сот ісін жүргізуді автоматтандыру және оңтайландыру мақсатында «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» ақпараттық сервистері іске асырылған.

«Сот құжаттарымен танысу» сервисі сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін электрондық сот құжаттарымен танысуға арналған. Сотқа талап арызбен жүгінген азамат оның тіркелгені туралы талон алады. Одан кейін электрондық хабарлауға келіскен жағдайда оның ұялы телефонына немесе электрондық поштасына

оның арызы бойынша сот құжатының шыққаны және онымен сайт арқылы таныса алатындығы жөнінде логин мен құпия сөз көрсетілген sms-хабарлама жіберіледі. «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы құжаттар беру тиімді. Себебі, сотқа жүгінуші тараптар сотқа келіп әуреге салынбай үйде отырып ғаламтор арқылы электронды түрде бере алады. ҚР барлық сот жүйесіне заманауи технологиялардың енгізілуі мен қолдануы сот өндірісін жеңілдету, бюрократиялық кедергілерді жою, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен тікелей байланысын азайту жолымен сыбайлас жемқорлықтың орын алу ықтималдығын төмендетуге септігін тигізеді және еліміздің тұрғындары үшін сот жүйесінің ашық әрі қолжетімді болуына барынша мүмкіндік туғызады.

Сот жүйесінде заманауи технологияларды, оның ішінде жоғарыда айтылған функцияларды пайдалану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, төрешілдік кедергілерді қысқартады, сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың қысқаруына септігін тигізеді, халықтың уақыты мен қаражатын үнемдейді, еліміздің халқы үшін сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігіне жетуге мүмкіндік береді.

У. АЙТЖАНОВА,
Мұғалжар аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНЕ 30 ЖЫЛ

Түркістандағы Қожа-Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрылғанына биыл 30 жыл толып отыр. Айтулы шараны атап өту жұмыстары бытырдан бері қолға алынып, түрлі деңгейдегі кездесулер мен ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп келеді. Ал бүгін университет ұжымы Түркістан төрінде гала-концерт ұйымдастырып, жыл көлемінде атқарған жұмыстарының нүктесін қойды.

Қазақстан мен Түркия мемлекеттері арасындағы үкіметаралық келісім негізінде 1991 жылы «Халықаралық университет» мәртебесімен тұсауы кесіліп, 1992 жылдың 31 қазанында «Қожа-Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» болып қайта құрылған бұл оқу орнының миссиясы – түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастық жастарына бір шаңырақ астында сапалы білім беруді мақсат етеді. Бүгінде әлемнің 17 елінің жастары мен 30 ұлт пен ұлыс өкілдерінен құралған 10 мыңнан аса студенттер мен интерндерге, магистранттарға, резиденттер мен докторанттарға, сондай-ақ, дайындық факультетінің тыңдаушыларына 71 ғылым докторлары мен 252 ғылым кандидаттары, 100 PhD докторлары дәріс оқиды. Олардың 5 пайызы Түркиядан және басқа елдерден келген шетелдік оқытушылар.



Түркі әлемінің ортақ білім-ғылым шаңырағына айналған оқу орнының 30 жылдық жүріп өткен жолын бірге атап өту үшін жиналған қонақтарға Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Облыс әкімі: «Түркістанның рухани орталық болуына Қожа-Ахмет Ясауи бабамыздың үлесі мол. Ал осындай ойшыл ғұламаның атын иеленген университет Түркістанның ғана емес, барлық түркі елдерінің мәдениетіне, ғылым мен білім саласының дамуына зор үлес қосып келеді» деп атап өтті. ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев: «Бұл университетті тәуелсіздігіміздің жаршысы, бауырлас түркі елдері арасындағы берік ынтымақтастықтың нышаны деп білемін. Заман талабына сай дамып, түркі тілдес ұлттардан жиналған жастарға дәйекті білім беріп, тәр-

биелеп, сара жолға салған, өзіндік брэнді қалыптасқан оқу орны 30 жыл ішінде өте биік табыстарға қол жеткізді» деді.

Іс-шара барысында оқу орнының басшылары бір топ мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне университеттің 30 жылдық төсбелгісін табыстады. Ал, Халықаралық «Түріксой» ұйымы университеттің бірқатар оқытушыларын Ахмет Байтұрсынұлы атындағы төсбелгісімен марапаттады.

Қазақ халқында «Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмайды» деген тәмсіл бар. Ендеше, орда бұзар жасқа жетіп, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, еліміздің бүгіні мен ертеңі үшін аянбай қызмет етіп келе жатқан ордалы оқу орнына артылар жүк пен қойылар міндет те еселене берері сөзсіз.

Сейтхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ,
«Заң газеті».

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Қазақ тілі – дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі. Қазақ тілі – өте бай тіл. Қазақ халқының бойына сіңген ата-бабаларымыздың тәлім – тәрбиесі, үлгі, өнегесі тілді асқақтатты.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ОРТАҚ

Тіл туралы заңымыз қағаз жүзінде қалмай қолданысқа еніп, мемлекеттік тіл ұлт тіліне айналып келеді.

Қазақстанның егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл.

Бірақ өкінішке қарай, көп жағдайда осы уақытқа дейін мемлекетіміздің бүкіл салаларындағы жұмыстардың көпшілігі тек орыс тілінде жүргізіледі.

Сондықтан ең бастысы – өзіміз өз тілімізді құрметтеп сыйлауымыз керек, ана тіліне жай көңіл бөліп қана қоймай, онан әрі қарай жетілуіне, заң жүзінде дамуына үлесімізді қосу және ана тілінде іс қағаздарын жүргізуді дамытуды қалыптастыруға күш салу қажет.

Тілді меңгеруге кәсіби курстар ұйымдастырылып, өткізіліп келеді, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру маңызды. Сұраныс бар.Тілді дамытуға қажетті қаржы да мемлекет тарапынан бөлініп отырады. Бұл да керемет мүмкіндік.

Айтып өткендей тілді үйрену, сөздік қорды кеңейтуге

Әр халықтың тілі жалпы адамзаттық құндылық болып есептеледі. Қазақстан атты ұлы дала елінде тату-тәтті күн кешіп жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыстың тілі мен діліне бірдей құрмет көрсетілетіндігін зор мақтанышпен айтуға болады.



ҰЛТТЫ БІРІКТІРУШІ ФАКТОР

Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды, қазақ тілі – біздің рухани өзегіміз. Мемлекет қазақ тілін насихаттау, оны жаңғырту үшін көп жұмыс атқаруда. Бүгінде қазақ тілінің дамуымен, оның функцияларының кеңеюімен біз бейбітшілік пен келісімге деген үмітті байланыстырамыз. Елдегі ұлтаралық келісім, басқа мемлекеттермен интеграция, әлемдік қоғамдастыққа кіру әртүрлі ұлт өкілдерінің достығына негізделген.

Енді осы мәртебені биіктетіп, мемлекеттік тілдің қолдану беделін арттыруға нақты жұмыстар жасалуы тиіс. Тірлігі мен тынысы бір, жері мен ынтымағы жарасқан елдің тілі де бір болса, ұлт бірлігінің басты факторы осы. Бір мемлекетте бір мемлекеттік тіл өмір сүруі рухани тұтастыққа қол жеткізеді. Ал рухани

тұтастықтың апарар шегі – шын мәніндегі үлкен әріптермен жазылатын Тәуелсіздік.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілді қолдану өрісі кеңейіп келеді. Мемлекеттік тіл – ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне халықты топтастырып біріктіретін фактор.

Мемлекеттік тіл – аса маңызды да ең өзекті мәселе. Тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгісі. Ол – ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі.

Д.ЖАНДАУЛЕТ,
Ақтөбе қалалық №3 сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

РУХАНИ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішінде, тіл байлығы мен көркемдігі жағынан, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтардың қатарында. Сондай-ақ, ол дүниежүзіндегі тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие болған тілдердің қатарында.

Тілге деген құрмет, халыққа деген құрмет. Тіл – қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді.

Қазақ тілі – дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, жалпы халықтық тілден, ұлттық деңгейге көтерілген тіл. Біздің мемлекеттік тіліміз ежелден жазба мәдениеті бар тіл. Тіл халықтың рухани дамуының негізі.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып отырған баға жетпес мұра.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі аса маңызды бірнеше салада жүзеге асырылады. Осы бағытта қазіргі таңда барлық мемлекеттік мекемелерде мәжіліс отырыстары, конференция, дөңгелек үстелдер, жедел мәжіліс отырыстары, хаттамалар мен анықтамалар, ішкі және сыртқы құжаттар айналымы тек қана мемлекеттік тілде жүруі тиіс.

Осыған орай, Батыс Қазақстан облысының Қылмыстық істер жөніндегі маманданды-

рылған ауданаралық соты 2010 жылы қалыптасқаннан бері сот құжаттарының барлық айналымы мемлекеттік тілде жүргізілуде. Сотқа келіп түскен хат-хабарламалар ресми тілде тіркелгенімен жауап беретін құжаттар бойынша тіл заңына сәйкес екі тілде жауап беріледі. Барлық шығыс құжаттары мемлекеттік тілде даярланады. Ішкі айналым құжаттары, өкімдер, соттың жұмыс жоспары, сот кеңсе мамандарының атқаратын функционалдық міндеттері, жедел мәжіліс отырыстарының хаттамалары, жолдама хаттар, ҚР Жоғарғы Соты мен облыстық соттан келіп түскен барлық бақылаудағы тапсырмаларға жауаптары, толық 100 пайыздық көлемде мемлекеттік тілде рәсімделіп отырады. Сондай-ақ, ұжымдағы барлық сот кеңсе мамандарының барлығы мемлекеттік тілді жетік меңгерген.

А.ТЛЕМБЕРЛИЕВА,
Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ШАРА

Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты №11 мекемесінде тәрбие жұмысын нығайтуға байланысты шаралар тұрақты өтіп тұрады. Жақында «Social Project Manaqment» орталығының өкілі Қ.Қарабаевтың ұйымдастыруымен кәмелетке толмаған жазасын өтеушілер арасында «Ашық алаң» атты тренинг өтті. Оған педагог-психолог Гүлбануш Мурадуллаева арнайы шақырылды. Маман жасөспірімдермен «Тепе-теңдік дөңгелектері» деген дәріс жүргізді.



ӨМІРІҢ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА!

Мұндай шаралардың нәтижесінде жасөспірімдер өздерін бағалауға, өз қажеттіліктерін білуге, алдына нақты мақсат қойып үйренуге, психологиялық ойлауды дамытуға қолжеткізеді. Әлеуметтік-психологиялық білімді насихаттау сотталғандарды қоғамдық өмірге бейімдеуде, тұлғалардың өзара қарым-қатынас мәдениетін дамытуда, әлеуметтік-психологиялық ахуалды жандандыруда маңызды рөл атқарады. Г.Мурадуллаева жасөспірімдерге дәріс соңында «Менің бес қасиетім» деген жаттығу арқылы әрқайсысының мықты, әлсіз тұстарын анықтауға көмектесті. Сондай-ақ, жасөспірімдерге әлсіз тұстарын жою бойынша қалай жұмыс жүргізуге болатынын айтып кеңес берді. Әрбір тұлғаның өз өмірі – өз қолында екенін түсіндірді.

Е.ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/11 мекемесінің
қызметкері

САЙЫС

«АЯУЛЫ КҮЗ, АЛТЫН КҮЗ»

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің №37 мекемесінде Шиелі аудандық жалпы орта білім беретін кешкі мектеп мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Аяулы күз, а лтын күз» танымдық сайысы өтті. Сайысқа мекемедегі жазасын өтеушілер қатысты. Сайыс ережесіне сәйкес сотталғандар екі топқа бөлініп, бес кезең бойынша сынға түсті.

Сайыс кезеңдері бойынша сотталғандар қызықты логикалық сұрақтарға жауап беріп, суреттерге байланысты әңгіме құрап, өз өнерлерін көрсетті. Қызықты да тартысты өткен сайыста сотталғандар күз мезгілінің тіршілікке берер пайдасын түсіндіріп, күзгі табиғат ерекшеліктері туралы әңгімеледі. Ал соңғы кезеңде сотталғандармен крупотерапия жұмысы жүргізілді. Олар әртүрлі дәндерден сурет құрастырып шықты.

Бұл шара сотталғандарды талғампаздыққа, ой ұшқырлығына жетеледі. Жазасын өтеуші азаматтар ән айтып, би билеп өз өнерлерін паш етті. Жетімпаз топтарға күзгі жемістер себеті сыйға беріліп, алғыс хаттармен марапатталды.

«Алдағы уақытта да осындай шараларды жиі ұйымдастыратын боламыз», – деді тәрбие бөлімінің бастығы, әділет майоры А.Уайдаев.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы
бойынша ҚАЖД



ТАРАТУ

3. «Ақ-Найман-3» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 161240006055, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ойшылты ауылы, Байбарақ көшесі, 13 үй.

4. «ҚазМұнайГаз»Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 31 наурызда берілген № 15971-1901-АҚ мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, БСН 040340001283, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекенжайында орналасқан) өзінің (2022 жылғы 22 қарашадағы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі) ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша қабылданады. Анықтама телефондары: 8(7172) 90-75-98, 90-75-35.

7. «Профит 07» мүмкіндігі шектеулі серіктестігі, БСН 220840003464, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 194 үй, 5 пәтер.

9. «KadAutoTrans» ЖШС (БСН 130640003923) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы обл., Қарасай ауданы, Еңбекші ауылы, Қазақстан көшесі, 13/4 үй.

10. «UnicalK» ЖШС, БСН 180840018393, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Тоқтар Әубәкіров көшесі, 63А үй, пошта индексі 120100.

12. «Mercury planet» ЖШС, БСН 181040034468, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 3 үй, н.п. 6. Тел.: 87013014965.

13. «MUR Мебель» ЖШС, БСН 190940003767, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Александр Гришин көшесі, 72/1 үй, 60 пәтер, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Саркөл ауылы, Сәңкібай батыр көшесі, 12 үй, 2 пәтер. Тел.: 87022601449.

14. «Гелика Фарм Групп Дистрибуция» ЖШС, БСН 121140017659, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57А құрылыс, индекс 150007. Тел.: 87017475058.

15. «uCredit (юкредит)» ЖШС, БСН 160440021503, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, «Нұр Алатау» ықшамауданы, Еркеғали Рахмадиев көшесі, 25А үй.

20. «Ақтөбе облысының Білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің» Покровка жалпы негізгі білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 980140003066, Ақтөбе облысы, Байтөресай ауылдық округі, Мәртөк ауданы, Покровка ауылы, Женіс көшесі, 4 үй, 15.08.2022 жылғы «Білім беру саласындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелерді тарату туралы» №279 қаулысына сәйкес, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылы, Сейфуллин көшесі, 38, «Ақтөбе облысының Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

21. «AdemAdi» ЖШС, БСН 200840001543, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Жетysай ауданы, Жетysай қаласы, А. Емешов көшесі, 3А үй, тел.: 87013141277.

ӘРТҮРЛІ

2. БҚО, Қазталов ауданы, Қазталов ауылы, Шарафутдинов көшесі, №2 үй мекенжайында орналасқан «Қазталов-Сервис» ЖШС, БҚО әкімдігінің 2022 жылғы 24 маусымдағы №24 қаулысына сәйкес, Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1 мекенжайында орналасқан «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» ЖШС-не қосылу арқылы кәсіпорынның қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Сонымен бірге «Қазталов-Сервис» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттері өзгеріссіз толығымен «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» ЖШС-не өтеді.

5. ХАБАРЛАМА
07.12.2022 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-нің кеңсесінде «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-і (БСН 041240001292) қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні хабарланады.
Күн тәртібі: «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-на оналту рәсімін енгізу мәселесі.
Кезектен тыс жалпы жиналыс сырттай дауыс беру тәртібімен бюллетень арқылы өткізіледі. Серіктестік қатысушыларынан сырттай дауыс беру бюллетендері 07.12.2022 жылы сағат 10.00-ден кешкі сағат 17.00-ге дейін қабылданады.

6. «МКҰ Kronos Credit» ЖШС Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» заңының 7-бабы, 2-бөлігі, 1-тармағының талаптарына сәйкес, өзінің қарыз алушыларына заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа мекенжайы: индекс 050043, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Мирас» шағынауданы, 29 үй.

8. «Gold Exchange Market» ЖШС (БИН 180940031186) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Дінмұхамед Қонаев даңғылы, 3Б ғимарат.

11. «Basel» Сақтандыру компаниясы» АҚ (Қазақстан Республикасы, Алматы қ. 050059, Н.Назарбаев, 244 А, БСН 9404400000910) қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру портфелін әлеуетті сақтандырушы-алушы «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясына» берілетіндігі туралы хабарлайды.
Сақтандыру портфелін «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясына» беру туралы шешімді «Basel» Сақтандыру компаниясы» АҚ Басқармасы (Басқарма отырысының 17.11.2022 жылғы № 21 хаттамасы) қабылдады.

18. 02.12.2022 ж. Сағат 14.00-де Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Розыбакиев көшесі, 291/3 салу жобасы бойынша қоғамдық тыңдау ашық жиналыс түрінде өткізіледі. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі. Тапсырыс беруші А.М. Шуақбаев, эл.пошта: ahet010156@gmail.com байланыс нөмірі 87013399279, осы байланыс деректерінен жоспарланған іс-шаралар туралы мәліметтер алуға болады.

22. «Capital» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 2022 жылғы 15 қарашада Серіктестіктің қатысушылары Серіктестіктің облигацияларын сату туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі – дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2022 жылғы 5 наурыз. Шығарылған облигациялар саны – 251 000 (екі жүз елу бір мың). Облигациялардың жалпы көлемі – 251 000 000 (екі жүз елу бір миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің электронды поштасына: toosfkscapital@mail.ru немесе Серіктестіктің мына мекенжайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

23. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 17 қарашадағы ұйғарымымен «ЭНЕРГОНЕТИКА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты, оналту рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалды БСН 1402440032489, мекенжайы: Астана қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 10/1 үй.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058447221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Койкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

МҰРАҒЕРЛІК

16. 25.06.2022 ж. қайтыс болған аз. Қыдырбай Арын Әлиакбарұлына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы мекенжайы бойынша орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

17. 13.09.2022 жылы қайтыс болған Абдрахманова Кулпаштың; 15.09.2022 жылы қайтыс болған Керімшеев Жаппар Муратовичтің, 21.09.2022 жылы қайтыс болған Абсадыков Абдужаппар Ешметовичтің, 24.05.2022 жылы қайтыс болған Макулбеков Аскар Сыздықовичтің аттарынан мұралық істер ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлердің Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Мекенжайы: Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, №180, тел.:87718175589.

БАНКРОТТЫҚ

19. Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 16 қарашадағы ұйғарымымен «AST Строй Сервис» ЖШС, БСН 111040006965, өтініші бойынша «AST Строй Сервис» ЖШС банкроттық туралы іс бойынша іс қозғалды. Барлық талаптар «AST Строй Сервис» ЖШС уақытша басқарушысы Абенова Айгүл Мақсұтқызына қойылады. (Павлодар қ., Чокан к-сі, 38, 36 пәтер, тел. 87051296005, e-mail: maksutova2002@mail.ru).

Қарашаның қоңыр желі есіп, аспан-ды бұлт торласа да, шалқасынан туған Ай аспаннан анық көрінді. Күздегі қара суықта көп адам себепсіз көше кезгеннен гөрі, жылы жерде, үйде болғанды қалай-ды. Дүйсенбі күні көше де тыныш. Тек тыныштықты «Альбион» қонақ үйінің алдындағы шуласқан адамдар ғана бұзды демесе, сыртта артық жан көрінбейді.

— Ай туған кезде міндетті түрде бірдене болады. Бұл жолы не болды? Ұрлық па? — деді, Абай.

Абай — кәсіби тергеуші. Жас болғанына қарамастан, қарапайым участкелік поли-цейден аз уақыт ішінде көнігі тергеушіге дейін көтерілді. Оның тәжірибесінде бір де бір қылмыс ашылмай қалмаған. Адам бол-мысын, психологиясын терең зерттегені соншалық, оған әріптес достары «сканер» деп ат қойды. «Сканер» жігіт ай туған кез-де міндетті түрде бір қылмыс болатынын талай байқаған. Бұл жолы да ол өзінің ішкі түйсігінің алдамағанын білді.

— Бұл жолы ұрлық емес. Үлкен қылмыс болды. Тез кеттік, барлығын жолда түсін-діремін, — деді көмекшісі Нұрлыбек.

Бүгін қарашаның 10-ы күні сағат түнгі 23:00 шамасында Альбион қонақ үйінің бесінші қабатындағы бөлмеден әйгілі биз-несмен Жаппаровтың өлі денесі табылды. Оны алғаш боп қонақ үй қызметкері көр-ген. Полицияға хабарлаған да сол. Өлім себебі — қасақана жасалған қылмыс. Биз-несмен шарап шынысымен басынан соққы алған. Куәгерлердің айтуынша ол мұнда сағат 21:00 шамасында ашынасымен бірге келген. Қонақ үй қызметкерлері кәсіпкер бұл қызды үнемі жанынан тастамайтынын айтып отыр.

— Күдіктілер бар ма?

— Күдікті бар. Бір емес, бірнешеу...

Дәулет Жаппаров — қаладағы ең ірі бизнесменнің бірі. Оның иелігінде бірне-ше ресторан, автотұрақ, базар бар. Форбс журналындағы елеулікке ене қоймаса да, өз қаласына белгілі, елеулі адам. Қайырым-дылық жасауға да жомарт. Мешіт салуға қомақты үлес қосқан. Қаладағы көпірді жөндеуге жарияланған тендерді де жақын-да ұтып алған екен.

— Ендеше бақталастары болды ғой?

— Абеке асықпаңыз, — деді Нұрлыбек, көлігін қонақ үйдің жанына қойып, — жур-налистер қаптап кетпей тұрғанда біз дереу тергеуді бастауымыз қажет.

Оқиға болған жерге келген Абай бөл-менің әр бөлігін зерттей қарады. Мән-жай-ды толық түсіну үшін іспен толықтай та-нысып, Жаппаров туралы ақпарат жинады. Қонақ үй қызметкерлерінің әрқайсысымен сөйлесіп, осы қабаттағы камераны асықпай қарады. Расымен бұл бір ерекше іс болғалы тұр. Бүгінгі түн тыныш болмасы анық, — деп ойлады Абай.

Медициналық сараптама нәтижесі Жаппаров басынан соққа алмас бұрын әлдебір мықты токсиннен уланғанын көр-сетті. Және аздап мойнында саусақ іздері де бар.

— Бірінші күдіктіміз кім? — деді Абай Нұрлыбекке қарап. Оның өткір көздері тым шаршаңқы көрінді. Алдындағы қою ко-фесін ұрттап, темекісін сөндіріп орнынан тұрды.

— Алғашқы күдікті Жаппаровтың әйелі Әлия Жаппарова. Шет елге кетпекші екен. Аэропорттан ұстап әкелдік.

— Қазір осында ма?

— Иә.

Әлия — Дәулет Жаппаровтың заңды некедегі әйелі. Жасы қырықтан сәл асқан аққұба әдемі әйелді көрген кезде Абай бойын билеген әлдеқандай сезімді тоқтата алмады. Осы кезге дейін талай хас сұлуды көрген. Бірақ бұл әйелдің тартымдылығы өзгеше, басқаларға ұқсамайды. Көздері қараған кезде тұла бойынды тесіп, жан дүниенді оқып қоятындай. Көзіндегі жас-тың ізі суымаған, әйтсе де денесін тік ұстап, сабырлылық танытып отырғандай. Тәкаппар әйел Абайдың сәлемін алмады. Жігіт сұлулыққа арбалмай, тез есін жиды да, бірден сұраққа көшті.

— Қайда жол тарттыңыз?

— Америкаға, қызыма.

Отбасындағы жалғыз қыз Америкада оқитын.

— Неге бүгін? Неге сіз кететін күні жол-дасыңыздың мәйіті табылады?

Шамасы бұрын-соңды тергеуде боп көрмеген-ау. Күдікті біраз іркілгенмен, есін тез жыйды.

— Бұл бір ай бұрын жоспарланған еді. Сенбесеніз билетті тексеріңіз. Түсінбедім, мені бұл жерге не үшін әкелдіңіздер? Сон-да менен күдіктеніп тұрсыздар ма?

— Себебі жолдасыңыздың сактандыру парағында сізді көрсеткен. Ал ол жердегі сумманың көлемі үлкен. Яғни, күйеуіңіз өлген жағдайда, сіз жүз миллион долларға ие боласыз. Екіншіден, қылмыс болған

ТЫҢСЫМ ТҮННІҢ КҮШИЯСЫ

уақытта сіз шетелге қашпақшы болдыңыз. Және үшіншіден...

Бұл сөздерді Абай сәл кідіріңкіреп айтты.

— Үшіншіден, сіз жолдасыңыздың ашы-насы бар екенін білетін бе едіңіз?

Әлия бұндай сұрақтарды күтпесе ке-рек, қипақтап сөмкесін ақтара бастады. Оның не іздегенін түсінгендей, Абай те-мекісін ұсынды. Ол дереу темекіні алып жіңішке саусақтарымен езуіне қыстырды. Рахаттана бір-екі тартқан соң, түтінін будақтатып біраз отырды. Оның осы оты-рысының өзі ерекше еді. «Қандай керемет әйел», — деп ойлады ішінен жігіт.

«Білесіз бе, ақша адамды бақытты ет-пейді. Сырттан қарағанда жұрт қызығатын жұп болсақ, іштей өз отыма күйіп жүрдім. Мен оның өліміне қиналдым десем өтірік болар. Алайда, көзіме қимастық жас келді. Қызымның әкесі ғой. Мен бұрыннан-ақ күйеуіммен ажырасқым келген. Оның жас ашынасы бар екенін де білемін. Мұндай қорлыққа төзім келмеді. Төзе алмадым да. Бірақ ол менен айырылғысы келмеді. Ақшамен алдады. Сактандыруға мұрагер етті. Мен оның қалағанын сатып алып үйренген қылығын жек көрдім. Одан алысқа қашқым келді. Ертең қызымыз-дың туған күні. Осындай күні қызымның жанында болғым келді. Сенесіз бе маған? — деп Абайға қиыла қарады. Жігіт оның әр сөзіне сенгісі-ақ келді. Әйелге деген құштарлығы бойын билеп, оны жұбатқы-сы бар. Бірақ Абай ешқашан сезімге бой алдырмаған жігіт. Ол сол сабырлы күйінде сұрағын жалғастырды.

— Ашынасы туралы қашаннан бері білесіз? Мүмкін сіз қызғанып...

— Қызғаныш дейсіз бе? — Әлия ерекше бір мыскылмен жігітке қарап: — Алсам бола ма? — деп тағы бір тал темекіні саусағына ілді.

Енді ол өз-өзіне келгендей боп, сабыр-лы қалыпқа көшті.

— Сезімі жоқ адамның бойында қыз-ғаныш та болмайды. Оның жас қызбен жүретінін бұрыннан білгенмін. Әлде мені қызғандыру үшін солай жасады ма екен... Кім білген?

Ол темекісін терең тартты да, күл салғышқа қоя салды.

— Соңғы сұрақ, — деді Абай, әйелдің бар болмысын зерттегендей көздеріне тура қарап. Ол сізге қол көтерді ме?

Бұл сұрақты не үшін қойғанын өзі түсінбеді, бірақ ол өз басында картина жасау үшін керек болды деп шешті. Қысқа ғана жауап.

— Иә...

— Екінші күдікті осында ма?

— Иә, осында! Өзі тұрған барби қуыр-шағы секілді, — деді Нұрлыбек.

Аида. Жасы жиырма екіде. Жаппа-ровтың ашынасы. Жасанды сұлулық. Расымен де қуыршақ секілді. Күзгі жа-пырақтай сары шаш, жапсырылған кір-пік, үрілген ерін. «Иә, Жаппаров қай жеріне қызықты екен мынаның? Әлиамен салыстыруға да келмейді. Мүмкін әй-елі рас айтқан болар, мұның бәрі оның қызғанышын туғызу үшін. Не болса да көреміз», — деп ойлады Абай. Көз жасын көл етіп аңыраған қыз сұраққа да мардым-ды жауап бере алмады.

— Сіз ол жерден не үшін ерте кеттіңіз? Сағат 21:00 шамасында Жаппаров мырза-мен бірге кіргеніңіз камерада айқын. Жар-ты сағаттан соң, асығып шығып кеттіңіз.

— Мен оны өлтірген жоқпын, біз сөзге келіп қалдық, сол үшін мен ренжіп...

Қыз қыңсылай жылап, жасын сүрте бастады.

— Не үшін ренжістіңіздер?

— Мен оған әйеліңнен ажырас, бірге болайық дедім. Ол ажырасқысы келмеді.

— Отбасылы адамға неге ажырас де-діңіз? Себебі бар ма?

— Менің аяғым ауыр. Ал ол баланы алдыр деді. Сосын мен ашуландым, ол ай-қайлаған соң жүгіріп шығып кеттім.

Абай қыздың бетіне ұзақ қарады.

— Сіз ашуланып, оның басынан бөтел-кемен ұрдыңыз? Солай ма?

— Ж-о-о-қ. Оныыз не? Қыз дауыстап жылай берді. Ентігін баса алмай біраз киналды.

— Мен некемізді қидырамыз деп ой-ладым. Өзіме сонша сенімді болып жаңа-лықты анама да айтқанмын. Ал ол ажы-распаймын деді. Бәріне ана мыстан әйелі кінәлі. Ол мол мұраны алу үшін әдейі өлтірді.



Абай бөлмеден үнсіз шығып кетті. Түн соншалықты ұзақ еді.

— Үшінші күдікті келді ме?

— Әкеле жатыр.

Оған дейін кофе ішейін. Алда әлі ұзақ түн.

— Үшінші күдіктіні әкелді

— Кіргіз...

Азамат Сайлаубаев. Жасы жиырма бірде. Жаппаровтың өкіл баласы. Әлияның бірінші некесінен туған бала. Т-а-а-ақ, — деді Абай, істі қолға алып.

— Азамат, 10 қараша күні сағат он бір, он екі шамасында қайда болдыңыз?

Жігіт жауап бермеді.

— Олай болса мен айтайын, сіз Альбион қонақ үйіне келіп, бесінші қабатқа көтеріл-діңіз. 304-бөлмеде Жаппаров мырзаға келдіңіз. Араларыңызда ұрыс туындап, төбелеске көштіңіздер. Жаппаровтың мойнындағы саусақ іздері сіздікі екенді-гін дәлелдейді. Сіз ашуға беріліп, шыны бөтелкемен басынан ұрып, ол құлаған соң қаша жөнелдіңіз. Мұның барлығы видеода айқын көрініп тұр. Не дейсіз?

Терең тыныстаған Азамат бір нүктеге қадалған күйі жауап бермеді.

— Адам өлтіргеніңіз үшін Қылмыстық кодекстің 99-бабы бойынша 10 жыл мен 20 жыл аралығында бас бостандығынан айыру жазасы берілетінін білесіз бе? Ал егер мойындасаңыз, сот шешімін жеңілде-туі мүмкін.

— Мен оны өлтірген жоқпын. Оның сонда ашынасымен бірге болатынын біліп әдейі бардым. Анама көрсеткен қорлығына төзе алмадым.

— Сіз өлтірмесеңіз, кім өлтіреді? Бар-лық айғак сізді көрсететіп тұр.

— Ол анаманан айырылмайтынын ай-ты. Мені аяққа оратылма деп басынды. Мен шыдай алмадым. Жағасынан алып алыстық. Ол да маған қол жұмсап үлгерді. Бірақ оны өлтірген жоқпын! Мен кеткенде тірі болған...

— Мынау шытырман болды ғой, — деді Нұрлыбек қою кофені ұрттап отырып.

— Кім өлтірді деп ойлайсың, Абеке? Менің ойымша, бәріне әйелі себепші секілді. Мидағы миллиондар тыныштық бермеген болар.

Абай Әлияны кінәлі санауға асықпады. Оның тұңғышқтай терең көздері өтірік айтпайтын секілді. Ал мәйіттің қанынан табылған у ше? Оны кім беруі мүмкін? Аидаға ашынасын өлтіру тімсіз, ал Аза-мат ше? Бөтелкеде ешқандай саусақ ізі жоқ, яғни, қылмыскер бәрін алдын ала ойластырған. Азаматтың келгенін қонақ үй қызметкерлері көрді. Орналасқан камера тағы бар. Соны біле тұра ол бөлмеге кіріп, өлтіре салып кетіп қалды ма? Ұйқаспайды.

— Абеке, келіп кетіңізші, — деді кезекші майор. Жаппаровтың әйелі кінәні мойнына алды. Бәрін мойындады.

— Қалайша?

— Әлия ханым...

— Мен мойындаймын барлығын. Дәу-летті өлтірген — мен. Үйден шығарда ішімдігіне у қостым. Мені тұтқынданыз-дар.

Әлияның мұндай әрекетке баруына бір-ақ себеп бар — ұлын құтқару. Азаматты

күдікті етіп осында әкелді дегеннен аяқ асты кінәсін мойындай қалғаны, аналық жүрегінің шыдамағандығы. Оның бұл әре-кеті Абайды қайран қалдырды.

— Сіздің жолдасыңыз жүректен емес, ауыр соққыдан қайтыс болды. Сіз не үшін бұлай жасап отырғаныңызды түсінемін, бірақ бұндай шешім қабылдаудың қажеті жоқ.

Әлия үндемеді. Жәй ғана көзінен тамшылаған жасты білдіртпеуге тырысып сүрте берді.

— Азамат адам өлтірмейді. Ол — менің ұлым. Ол ондайға бармайды, мен оны білемін.

— Мен қылмыскерді табамын, — деді Абай.

Егер менің түйсігіме сенсек, бұл үшеуі де қылмыскерге ұқсамайды. Иә, айғактың басым көпшілігі Жаппарованың ұлына әкеледі. Біз бір нәрсені қалт жіберген сия-қтымыз, Нұрлыбек.

— Егер бұл үшеуі болмаса, сонда кім? Қонақ үйде басқа ешкім болмады.

— Камерада Аида мен Жаппаровтың кіргені, сонан соң Аиданың қашып шыққа-ны, көп ұзамай Азаматтың келгені, сосын шыққаны тұр. Содан кейін ештеңе жоқ. Абай ойланып біраз тұрды. Өлікті бірінші көрген кім?

— Қонақ үй қызметкері.

— Оның бөлмеге кіргені неге камерада жоқ?

Жаппаровтың мәйітін тапқан Гүлназ есімді қыз. Қонақ үйде жұмыс жасағаны-на аз ғана уақыт болған. Тергеуші басқа тұстан түсірілген видеоны бақылады. Азамат кеткен соң бес минуттан кейін қызметкердің кіргені анық көрінеді. Пауза. Он минут қызметкер Жаппаровтың бөл-месінде не істеді?

— Дерету қызметкерді алдыртыңдар. Және маған осы қыз жөнінде данныйлар қажет.

Саденова Гүлназ Болатқызы. 1992 жылы дүниеге келген.

— Мен мына қызды қайдан білемін? — деді Абай сәл ойланып.

— Осында үш жыл бұрынғы көлік апаты есінде ме? Бүкіл халық шулады емес пе.

— Әлгі Жаппаров қаққан баланы айта-мысың? Содан.

— Сол кезде Жаппаров барлығын шо-пырына жауып, оңай құтылған. Ал қайтыс болған баланың жалғыз анасы мен апасы қалған. Баланың аты-жөні ұмытпасам Са-денов Асхат па, Асқар ма.

— Мына қыз сол баланың апасы ма?

— Оны қазір көреміз.

Торға түскен торғайдай қарсыласқан Гүлназ тергеушілердің алдында шарасыз еді. Ол бастапқыда адвокат та сұрады, ешнәрсе білмейтіндігін айтты. Алайда Абай өз сұрағын тергеуден емес, алыстан бастады.

«Бала кезімде, шамасы бес жаста бо-луым керек, кешкілік анамның жоқтау айтқан зарлы дауысынан қатты шошы-дым. Не болды деп сұрауға да батылым бармады. Баламын ғой әлі. Үлкендер кішкене қарындасымды жоқтады. Ол менен бір-ақ жас кіші еді. Көл жағасынан денесі табылған. Есейе келе білдім, ол

суға кетпеген, оны зорлап, өлтіріп кеткен. Ал қылмыскерді ешкім таба алмады. Сол кезден-ақ мен қылмыскерлерді ұстайтын тергеуші боламын деп уәде бердім. Бауы-рын жоғалтқан адамның бірі менмін. Мен сені жақсы түсінемін.

Үнсіз отырған қыз еңкілдей жылады.

— Ол қанішер інімді өлтіргенімен қой-май, барлығын ақшаға сатып алғысы келді. Онсыз да қан жұтқан анама келіп, кешірім сұраудың орнына... Қыз өксігін баса алма-ды. — Ол неме кешірім де сұрамады. Тай-рандап жүрді. Құсадан анам ауру болып, былтыр жер қойнына тапсырдым. Ол адам өмір сүруге лайықты емес еді. Қыз өкіріп жылай берді.

«Бай адамға жақындау қиын. Ол бара-тын жерге біз бара алмаймыз, ол жүретін жерде біз жүре алмаймыз. Бір күні бір жыныда Жаппаровтың ашынасын көрдім. Ел-жұртқа мақтанып, «бизнесменнің махаббатымын» деп сусылдап тұр. Сөз арасында үнемі Альбион қонақ үйіне баратындарын айтты. Осы кезден бастап мен әлгі оңбағаннан кек алуды ойладым. Қонақ үйге қызметші болып кірдім. Олар расымен бірнеше рет келді. Әр келу күнін, кестесін бақыладым. Қалайда Жаппаров-тан кек алғым келді. Қылмысы үшін кешірім сұратқызғым келді. Көп іздендім. Жүрек тоқтататын ТН-16 токсинін іздедім. Оны ол ішетін вискиге қостым. Бөлмесі-не апардым. Бірақ ол сұмырай оны көп ішпеді. Бұл күтпеген жағдай еді. Менің жоспарым бойынша ол ашынасының қой-нында өліп, ел-жұртқа абыройы шашылуы керек болатын. Бірақ қыз кетіп қалды. Мен бармақ болдым. Бірақ бөлмесіне алқынып бар жігіттің кіргенін көрдім. Ол ашулы шықты. Не болғанын білмеймін, бөлмесіне өзім баруды ұйғардым. Ішімдік жарты-лай ішілген. Ол теріс қарап отыр. Менің жақындауға батылым жетпеді. Ашу-ыза-мен өзімнің кім екенімді, бірер сағаттан соң өлесің деп, ішімдігіне у қосқанымды айттым. Бұны естіген ол ентелей келе мені буындырмақшы болды. Мен қолыма түскен шынымен оның басынан ұрдым. Ол тілісіз қатты. Қолымда перчатка бола-тын. Оның тамырын ұстадым, тынысын тексердім. Токсин де әсер еткен болар. Ол өлді..

Кейін 102-ні тердім. Қызметкерлерді шақырдым. Барлығы у-шу боп жатқанда камерадағы жазбаның соңғы жағын қиып тастадым.

Гүлназ терең күрсінді. Барлығы түсі-нікті болды.

Таң бозара атып, күн сәулесінің ал-ғашқы нұры жерге түсе бастады. Расында да бұл ұзақ түн болды. Тылсым түн болды. Қылмыскерді тапса да, Абайдың көңілі тыныш таппады.

— Тергеуші мырза, — деді қыз кенеттен. Абай қызға қарады.

— Қылмыскерді таптыңыз ба? Қарында-сыңызды өлтірген.

— Иә. Таптым.

— Жазасын бердіңіз бе?

— Бердім.

— Мен де жазасын бердім.

Қылмыс әлемі сан қыла. Тек Ай туған-да абай болыңыздар.

Бақыт ЖАЛИЕВА

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
 Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
 Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет — сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №173 Индекс 65921